№10-11 (16-17) / қазан-қараша / 2018

САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ – ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ



Түркістан жоғары медицина КОЛЛЕДЖІ

Кәсібің - нәсібің / Денсаулық / Назым сөз / Жазушының жан дүниесі / Тымпи / Насыр сөз / Сахна сөз / Жаңа кітап / Тіл туралы / Өнерім - өмірім / Мәдениет мәйегі / Сөз түзелді / Түркі жұртында / Бабалар аманаты / Бәйтерек / Базына / Ел байлығы / Саңлақ

САРАСӨЗ

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: Бекжігіт СЕРДӘЛІ

Қатегері: Құрбан ӘДІЛ

SMM-менеджер: Еңлік ҚАЛДАРХАН

Стилист: Мұрат ШАХАНБАЙ

sarasoz.kz sarasoz.kz

**Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді

**МЕНШІК ИЕСІ:
ЖК «Кыдыкбекова Г.К.»**

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

Журнал айына бір рет шығады

Мұқабада Түркістан жоғары медицина колледжінің қызметкерлері Данияр МҰХАМЕДЖАНОВ, Давран СУЛТАНОВ, Жайна АБСАТТАР

** Редактор бағаны*

ЖАННЫҢ САУЛЫҒЫ - ДЕННІҢ САУЛЫҒЫ

Қымбатты менің оқырмандарым!

Сөздің қадірін білген қазақтың «САРАСӨЗ» жорналының кезекті саны жария болды. Басты мақсат, мүдделі межеміз – қазақтың қара сөзінің қасиетін ұқтыру, ұлтты ұлықтау, барын – баянды етіп, жақсысын – жарқырату болғандықтан, халықтың аман-есен, сау-саламат болуы да – аса маңызды.

Дені-басы сырқат халық – рухани сауыға алмайды. Дені саудың – жаны сау.Денсаулық – адамның жаны мен тәнінің амандығы.Елдің болашағы – жастардың, халықтың денсаулығына тікелей байланысты. Дана жұртымыз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген. Бүгінгі дені сау ұрпақ – елдің еңселі ертеңі, заңды жалғасы.

Денсаулық – ел дамуының басты арқауы болғандықтан, өміріміздегі келелі мәселелердің, өзекті міндеттердің бірі. Жеке адамның жақсы денсаулығы – мемлекет пен қоғамның байлығы.

Мықты зор денсаулық иесі ғана қоғамдағы азаматтық міндетін толық атқара алады. Халқымыздың тіршілігі мен бірлігі, жарқын келешегі көп ретте денсаулық мәдениетінің қаншалықты дәрежеде қалыптасуына байланысты. Демек, ұрпақтың санасына салауатты өмір салтын сіңіріп, жастардың өз денсаулығына деген жауапкершілігін қалыптастыру – өте қажетті мәселе.

Түркістан жоғары медицина колледжі– өніріміздегі өнегелі де өрісті, үлгілі де үрдісті бірегей оқу орны. Әрбір емхана мен ауруханадан аталған оқу орнының білікті түлектері мен белсенді шәкірттерін кездестіресіз. Басты борышы – әр адамның денсаулығын жіті зерттеп, терең тексеріп, шипалы ем қолданатын Түркістан жоғары медицина колледжінен түлеп ұшқан талантты дәрігерлер, ақ халатты абзал жандар аймағымызға айрықша танымал, ел алғысына бөленген, өз ісінің бесаспап мамандары. Аталмыш оқу ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігі, басшылық құрамы, технологиялық хал-қауқары, білім берудегі озық әдіс-тәсілдері, жетістіктері мен жеңістері жайлы кеңірек біліп, орнықты ой қорытасыз.

Жорналымыздың арнайы саны, нақты нөмірі – ойлы оқырманымызды салауатты күн кешуге үндеп, саламатты өмір салтын қалыптастыруға септігін тигізсе, біздің мақсатымыздың толық орындалғаны.

Қазақ өлеңінің алдаспан анасы, марқұм Фариза апам (ОҢҒАРСЫНОВА):

«Қасиет көп адамда табынардай,
(шығара алмай қалмаса бағы жанбай),
ең керімі солардың – жат біреуді,
сүйіп, жақсы көруі жаны қалмай.
...Ақиқатқа күн тумас айла қалмай,
өмірің де қайнаған тайқазандай.
Көк темір де құрышқа айналмайды,
от-жалынға өртеніп қайнап алмай...»– деп жазбақшы, аяғын тәй-тәй басқан біздің балғын басылымымыз да «табынардай қасиеті көп» әр оқырманын, әр қазақты, Түркістанның тәбәрік-топырағының әр тұрғынын «жаны қалмай, жақсы көреді»...

Маңызды мақсат, мерейлі мүдде жолында қымбатты оқырманымызбен бірге «от-жалынға өртеніп қайнауға» қашанда әзірміз! Жаратқан Иеміз жаңа күн, жарқын жақсылықтарда жолықтырсын!

Құрметпен, Гүлжаз ҚАРЫБЕК

БІЗДІҢ МҰҚАБА

ІРГЕСІ БЕРІК ОҚУ ОРНЫ



Тарихы көнеден бастау алған киелі Түркістан шаһарының төрінде орналасқан Түркістан жоғары медицина коледжіне бет алдық. Қаланың әсем жерінде орналасқан төрт қабатты биік ғимарат сонадайдан көз тартады. Жан-жағы райхан гүлдермен көмкерілген бас ғимарат алдында ақ шағаладай ары-бері асығыс өтіп жатқан ақ халатты студенттер білімге құштар көрінді. Бас кампусқа бет алып, аталмыш оқу орнының директоры, медицина ғылымдарының кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері Ғалымжан Нұрманұлы БИМУРЗАЕВтың жұмыс бөлмесіне бардық. Қазақы дүниетанымдағы кең жүректі азамат бізді жылы шыраймен қарсы алды. Сұхбаттасуға келгенімізді ескертіп, оқу орнының тыныс-тіршілігімен танысқымыз келетінін, Түркістан облысының орталығынан ойып орын алған білім ордасы туралы тарқата айтып беруін өтіндік. Өзіміз күткендей, әңгіменің тиегі ағытылып жүре берді...

Құрметті Ғалыжман Нұрманұлы, Түркістан жоғары медицина колледжінің тарихына қысқаша тоқталып өтсеңіз.

Түркістан жоғары медицина колледжі 1965 жылы өз алдына Түркістан медицина училищесі болып құрылған. Алғашқы жылдары фельдшерлер мектебі болып құрылғандықтан, тек фельдшерлер даярлаған. Жарты ғасырдан астам тарихы бар оқу орны бірнеше мамандықтар дайындайды. Колледжде қазіргі таңда түрлі санаттағы 212 оқытушы дәріс береді. 90 дәрігер, 8 провизор, 114 педагог, 7 ғылым кандидаты, 3 ғылым докторы, 38 магистр жастарға тәлім- тәрбие беруде. Білім ордамыз қатарынан 3 рет үздік колледж атанды.

Колледжде қандай жаңалықтар бар?

Колледждің оқу ғимараттары мен жатақханасы толығымен ағымды

жөндеуден өтті. 2018 жылы 6 оқу-симуляциялық орталықтармен қатар 3 жаңа оқу орталықтары іске қосылды. Олар: паллиативтік және хоспистік көмек көрсету, «Медициналық эргономика» атты заманауи фантомдық-имитациялық оқу орталығы және «Дәстүрлі емес медицина» бойынша оқу орталығы. Бұл оқу орталықтар мейіргерлік күтім ауруханасының үлгісі



деуге болады. Клиникалық базаны дамыту мақсатында қосымша оқу бөлмелері ашылған. Барлық оқу бөлмелері интернет жүйесіне қосылған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз Жолдауында айтып өткен ақпараттық технология бойынша қаншалықты өзгерістер орын алуда?

Ақпарат демекші, колледждің ішкі желілік және интернет сайты колледждің тыныс-тіршілігі туралы 3 тілде ақпараттар тасымалдауда. Сонымен қатар «Директорат» атты автоматтандырылған жүйе, «1С мекеме» есеп-қисап бағдарламасы, автоматтандырылған «Кабис» бағдарламасы, «True-conf» атты автоматтандырылған ақпараттық білім беру кешені іске қосылған.

Колледжде қанша мамандық бойынша білім алуға болады?

Болашақ орта буынды медицина мамандарына білім береміз. Оларға фельдшер, акушер, мейіргер, дантист, медициналық лаборант, фармацевт біліктіліктері беріледі. Биылғы оқу жылынан бастап мейіргер ісінің қолданбалы бакалавриат білім беру бағдарламасы қолға алынып, қазіргі таңда 180 студент қабылданып, бәсекеге қабілетті маман даярлануда.

Түлектеріңіздің жұмыспен қатылу көрсеткіші қандай деңгейде?

2018 жылы бітірушілердің саны – 437, оның 124 – мемлекеттік тапсырыс бойынша, жұмыспен қамтылғандар саны – 330 (75,5%), мемлекеттік тапсырыс бойынша – 116 (93,5%). 55 бітіруші колледжді үздік дипломмен бітірді, 11 бітіруші-түлек – жоғары оқу орнына түсті.

Колледждің соңғы жетістіктері туралы айтып берсеңіз?

Қазақстандағы медициналық колледждердің 2018 жылғы Ұлттық рейтингісінде біздің оқу орнымыз I орынға ие болды. «Ең үздік фельдшер -2018» және «Ең үздік анатом -2018» атты медицина колледждер арасында ұйымдастырылған Республикалық байқауда Түркістан жоғары медицина колледж студенттері I орын алды. ҚР ДСМ тарапынан Бітірушілердің білімін тәуелсіз бағалау нәтижесі бойынша 96% сапа көрсетіп «Көшбасшы колледж» атанды. Бұл біздің білім ордамыздың жетістіктері деп есептейміз.

Колледждің дамуына қандай мүмкіндіктер жасалуда?

Өздеріңіз білесіздер, жуырда қазан айында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов Түркістан облысына арнайы іссапары барысында білім ордамызға арнайы ат басын бұрып, болашақ орта буынды медицина мамандарына беріліп жатқан білімнің қаншалықты жағдайда екендігін және цифрландыру жүйесінің қалай жүзеге асып жатқандығына көз жеткізді. Министрі жоғары медицина колледжінің жұмысына жоғары баға беріп, болашағына сеніммен қарайтындығын аңғартты. Өйткені шындығында да біздің оқытушыларымыз заман ағымына ілесіп, үздіксіз ізденіп, шәкірттерінің сапалы білім алып, бәсекеге қабілетті маман болып шығулары үшін бар күштерін салуда.

Бүгінгі медицина талабына лайықты жабдықталған оқу бөлмелері немесе арнайы медициналық орталықтар бар ма?

Әрине болашақ орта буынды медицина мамандарын даярлап отырған білім ордасы болғандықтан міндетті түрде заманауи үлгідегі оқу-орталықтарымыз жеткілікті. Колледжің реабилитациялық



оқу- орталығы мүгедек адамдардың әлеуметтік-мәдени және психикалық өмірге көзқарастарын түбегейлі өзгертуге бағытталған. Орталық сенсорлық кабинет, жұмсақ бөлме, жаттығу бөлмесі, кинезотерапия, массаж, зоотерапия, изотерапия, еңбектік терапия бөлімшелерінен тұрады. Колледждің медициналық эргономика бойынша оқу орталығы эрготерапия жүргізуге қажет эргономикалық панель, дамытушы тренажерлар, сенсорлы тренажерлар, Монтессори мектебі тренажерлармен, макси-слайд, макси-трансфер, макси-тьюб, ролли, сит-велк атты құрылғылармен жабдықталған. Дәстүрлі емес медицина бойынша оқу-орталығы тиісті құралдармен жабдықталған. Мейіргер ісін модернизациялап, Еуропалық стандарттарға сәйкес тәжірибе тарату мақсатында колледждегі тәжірибелі дәрігер-оқытушылар республика көлемінде клиникадағы мейіргер ісі пәндері бойынша заманауи білім беру технологиялармен бірнеше рет мастер-кластар өткізді.

Қандай шетелдік әріптестермен тығыз байланыста жұмыс істейсіздер?

Еліміздің есендігін сақтау медицина мамандарының абыройлы міндеті екендігі рас. Соңғы жылдары Ресей, Түркия, Өзбекстан, Литва елдерінің медициналық оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс атқарып келеміз. Оқытушылар аталған елдерге барып, сол жақта медициналық колледждердің оқу барысымен танысып, арнайы семинарлар мен конференцияларға қатысып қайтты.

Шалғайдан келген студент жастар үшін жатын орын үлкен мәселе. Осы орайда жатақхана мәселесі қаншалықты шешімін тапқан?

Сұрағыңыз орынды. Ұзақ жерден білім іздеп келген жастарға біз де қолымыздан келгенше көмегімізді аямамаймыз. Алыста тұратындарға бірінші кезекте жатақханадан орын береміз. 300 орындық жатақханамыз бар. Алдағы уақытта Елбасы жолдауында айтылған жастарды жатақханамен қамту бойынша, арнайы келісім жасалып 620 орындық жаңа жатақхана бой көтеретін болады. Бұл біз үшін де студенттер үшін де үлкен жетістік болмақ. Бұл студенттердің алаңсыз білім алуына басты кепілдіктердің бірі болмақ.

Колледждің белсенді студенттеріне қандай қолдау көрсетіледі?

Колледжде белсенді студенттер өте көп. Өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінің тынымсыз еңбектері бағаланып, оқу ақысына жеңілдіктер жасалады, тұрмысы төмен студенттерге «Жомарт жандар» қайырымдылық қорының есебінен қаржылай көмек көрсетіледі және жыл сайын тұл жетім, жартылай жетім және белсенді студенттер Оңтүстік өңірінің тарихи жерлерін аралап, саяхатқа шығады. Бұның барлығы тікелей колледждің қолдауымен атқарылады.

Әңгімеңізге рахмет!

Г. АЛДАБЕРГЕНОВА

АНАТОМИЯ - медицинаның атасы

Медицина маманы үшін ең маңызды пәндердің бірі, яғни медицина білімінің бастауы анатомия пәні. Сондықтан да Түркістан жоғары медицина колледжінде анатомия пәніне айрықша көңіл аударылады және студенттерге жоғары талаптар қойылады. Өйткені медицина саласы тікелей адам-затпен байланысты болғандықтан, әрбір студенттің анатомия пәнін жеткілікті білуі маңызды саналады. Сол себептен болар колледжде жалпы кәсіптік пәндерге деген қызығушылық пен қорқыныш қатар жүреді.

Бірақ шалғайдағы ауылын тастап, білім қуып келген жастардың үмітін сөндірмес үшін, оларға күш-жігер беру мақсатында анатомия және физиология пәнінің оқытушылары жеткілікті білім беруге бар күштерін салуда. Түркістан жоғары медицина колледжінің №4 Жалпы кәсіптік пәндер циклді әдістемелік комиссиясында анатомия, физиология, патологиялық анатомия, патологиялық физиология, гистология, психология және коммуникация пәндері оқытылады. Сонымен қатар «Жас анатом», «Морфолог», «Жан шуағы» үйірмелері жұмыс істейді. ЦӘК оқытушыларының басты мақсаты сапалы білім, жоғары біліктілікпен қатар, қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті, көп тілді маман даярлау.



ЦӘК-ке қарасты анатомиялық мұражайдың алар орны ерекше. Өйткені бұл мұражай республикадағы алдыңғы қатарлы мұражайлардың санатында. Анатомия пәнінің жанашыры, колледж әдіскері және ЦӘК төрайымы Омаш Қарлығаш Көшекқызының (өкінішке орай бүгінгі таңда арамызда жоқ) тікелей ықпалымен анатомия мұражайы күрделі жөндеуден өткізіліп, заманауи келбетімен көпшіліктің көзайымына айналып үлгерді. Мұражай дегенде тарихи-мәдени мұражайлардан айырмасы мұндағы экспонаттар тек адам мен жануарлардың дене мүшелерінен тұрады. Сондықтан болар бұл мұражайды көпшілік біле бермейді. Десек те қала тұрғындары тарапынан қызығушылықтар болып тұрады. Негізі бұл мұражай колледж студенттеріне, колледжбен танысуға келген қонақтарға және болашақта медициналық мамандықты таңдауды ниет еткен мектеп оқытушыларына қызмет көрсетеді.

Анатомиялық мұражай негізгі бөлімнен және мәйітханадан тұрады. Мәйітхана ылғалды препараттар сақталатын бөлмеден, препараттау бөлмесінен және мәйіттер сақталатын бөлмелерден тұрады. Негізгі мұражайлық бөлім белгілі реттілікпен орналасқан анатомиялық экспонаттардан тұрады. Ең бірінші мұнда адам қаңқасы мен оның жеке сүйектері және т.б. жеке сүйектері көрсетілген. Сонымен қатар болашақ медицина мамандары адам денесінің құрылысын модель, муляждар, планшеттер арқылы үйрене алады. Болашақ стоматолог мамандарға бас, мойын аймағы тереңдетіліп оқытылады. Бас қаңқасы сүйектері, бұлшықеттері, қан тамырлар, жоғарғы және төменгі жақ сүйектері, тұрақты тістер, тістің құрылымын сипаттайтын жасанды тіс қойылған. Және де қалыпты анатомиядан, патологиялық анатомиядан ылғалды препараттар жайғастырылған.

Республикадағы ең бай мұражайлардың қатарына кірген анатомия мұражайы білім ордамыздың мақтанышы және студенттердің бірден бір білімін қалыптастыратын сүйікті ортасы деп айта аламыз.

Данияр МУХАМЕДЖАНОВ
№4 жалпы кәсіптік пәндер бойынша циклдық әдістемелік комиссия төрағасы

САЛАУАТТЫ ӨМІР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ





Бүгінгі таңда жастар мен жасөспірімдерге салауатты өмір салтын насихаттауда дене тәрбиесі сабағының алар орны ерекше. Осы орайда Түркістан жоғары медицина колледжінің №3 Дене тәрбиесі және алғашқы әскери дайындық пәндері бойынша циклдік әдістемелік комиссиясы жұмыс істейді. Спорт зал, сонғы үлгідегі техникалық құралдармен жабдықталған оқу бөлмелері, студенттер киім ауыстыратын бөлмелер, жуынатын бөлмелері, АӘД пәндері бойынша оқу жаттығу сабақтарын өтетін бөлмелері бар.

Дене тәрбиесі және АӘД пәндерінің оқытушылары білім мен денсаулық саласында абыройлы қызмет етіп, жас ұрпақты отансүйгіштікке, спортқа баулуға, жастарды патриоттыққа тәрбиелеуге зор үлестерін қосып келеді. Дене тәрбиесі пәні бойынша колледж қызметкерлері мен колледж студенттері арасында спартакиадалар, марафон, жолдастық кездесулер өткізіледі. Колледж студенттері дене тәрбиесі оқытушыларының ықпалымен республикалық, облыстық, аумақтық, қалалық, колледж аралық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Облыстық білім Басқармасының ұйымдастыруымен өткен спорттың 5 түрінен (волейбол, баскетбол, тоғыз-құмалақ, шахмат, үстел теннисі) студенттер спартакиадасына колледж студенттері белсенді қатысты. Нәтижесінде волейболдан қыздар арасында I орын, баскетболдан қыздар арасында III орын, шахматтан I орын алды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру және аурулардың алдын алу мақсатында «Түркістан – түркі әлемінің мәдени астанасы» тақырыбы аясында жастар арасында өткізілген қалалық спорттық жарыста Түркістан жоғары медицина колледжінің командасы II орынға ие болды. Бұл бүгінгі жастардың саламатты ел болуға ұмтылысының айқын көрінісі деп есептейміз.

Қоныс ҮРКІМБАЕВ
№3 дене тәрбиесі және АӘД пәндері бойынша циклдық әдістемелік комиссия төрағасы

КЛИНИКАЛЫҚ БАЗА - ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ жүйесінің негізі

«Түркістан жоғары медициналық колледжі» 1998 жылдан бері 0304000 «Стоматология» мамандығы, 0304023 «Дантист» біліктілігі бойынша мамандар даярлап келеді. 20 жылдық өзіндік тарихы бар мамандық осы күнге дейін жоғары сапалы мамандар даярлап шығаруда «Стоматология» мамандығы бойынша бітірушінің кәсіптік қызметінің мазмұнын халыққа білікті, мамандандырылған стоматологиялық көмек көрсету, стоматология саласында ұйымдастыру - басқару, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметтер анықтайды.

Стоматологиялық білім берудің жалпыұлттық мақсаты халық денсаулығын нығайтуға, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар жетістіктерін ғылым мен практикада, стоматологиядағы озық инновациялық технологияларды қолдануға және дамытуға қабілетті, стоматологиялық көмек көрсетуге қоятын қоғам сұранысын ҚР МЖМБС 31.06.-647-2016 қанағаттандыра алатын жоғары білікті мамандар дайындау болып табылады. 0304000 – «Стоматология» мамандығы бойынша оқу бітірген түлек әлемдік қоғамдастық және мемлекет деңгейіндегі денсаулық сақтау жүйесіндегі өзгерістерге бейімделуге, өмір бойы оқуды жалғастыруға, қоғамның дамуына үлесін қосуға дайын болуы керек. 0304000 «Стоматология» мамандығы, 0304023 «Дантист» біліктілігінің оқу білім беру бағдарламасы Түркістан жоғары медицина колледжінің медициналық білім беру аясындағы бәсекеге қабілетті маман дайындауда дуальді оқыту принциптеріне негізделген.



Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосу мақсатында Түркістан жоғары медицина колледжінде «Стоматология» мамандығының студенттеріне сапалы білім берілуде. Теорияны тәжірибемен ұштастыру мақсатында колледж директорының бастамасымен

«Стоматологиялық оқу-өндірістік клиникалық орталығын» ашу қолға алынып, 2012 жылы наурыз айында іске қосылды. Клиника заманауи стоматологияға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. «Дантист» біліктілігінде білім алушы студенттер өз мамандықтарын игеру үшін клиникадағы терапия, хирургия, ортопедия және тіс протездеу зертханасы, радиовизиография, залалсыздандыру бөлмесінде тәжірибелік сабақтар өтіп, кәсіптік құзіреттіліктерін игеруде. Студенттер клиникада параллелометр, керамика дайындайтын пеш, бумен өңдейтін аппарат, вибростол, гидравикалық пресс, штив орнататын лазерлік құрылғы, полимеризациялайтын аппарат, құм себелегіш аппарат, центрифугалы құю аппараты, муфельді пеш, супергипсті кесетін басқа да аппараттарды қолдануды тәлімгердің бақылауымен іске асырады.

Колледж әлеуметтік серіктестікті емдеу сауықтыру базасында өндірістік оқу және өндірістік тәжірибені ұйымдастыруды табысты жүзеге асыруда. Себебі болашақ мамандарды кәсіби тұрғыда дайындау халық денсаулығын сақтауда маңызды фактор болып табылады. Дуальды оқыту жүйесі бойынша оқу-өндірістік клиника (мекеме басшылығы), Түркістан жоғары медицина колледжі (оқу орны) және студент арасындағы 3 жақтама келісім-шарт жасаған.

Түркістан жоғары медицина колледжінде «Стоматология» мамандығы бойынша дуальды оқыту жүйесі жақсы жолға қойылған және тәжірибеде көрсеткендей оң нәтижесін беруде. Мамандықтың III, IV курс студенттеріне стоматологиялық оқу-өндірістік клиникада тәжірибелік сабақтар өтіледі, онда студенттер кәсіптік пәндер бойынша кәсіптік құзіреттіліктерге дағдыланады.

Бітіруші IV курс студенттері тәжірибені стоматологиялық оқу-өндірістік клиникада өтуі оқытудың бұл жүйесінің нәтижелі болуына септігін тигізуде. Клиниканың дәрігер стоматологы, «Тіс және ауыз қуыс ауруларын емдеу және алдын алу» пәнінің оқытушысы А.Қыдырбаев стоматологиялық оқу- өндірістік клиникада «Орта тіс жегінің клиникасы мен емі» тақырыбында дуальды оқыту технологиясымен ашық тәжірибелік сабақ өткізіп, кәсібіне сәйкес білікті маман даярлауда өз үлесін қосуда.

Стоматологиялық оқу өндірістік клиникасының дәрігерлері «Стоматология» мамандарын даярлау бойынша медициналық колледж және стоматологиялық оқу-өндірістік клиника жұмыстарын интеграциялау мақсатында стоматология мамандығының IV курс студенттері арасында жыл сайын «Үздік дантист» атты кәсіптік байқау өткізіп, стоматолог-дантист кәсібінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда.

Дуальды оқыту жүйесі жолға қойылған оқу орнын бітірген түлектер үшін жұмысқа тұру қиындық туғызбайды. Себебі студент өз мамандығына қажетті білім мен білік, дағдыны толыққанды игеріп шығады, өзіне деген сенімі мол, бәсекеге қабілетті. Дуальдық жүйе маман даярлауда өндіріс пен білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің түрі болып есептеледі. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан өте тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді. Стоматологиялық оқу-өндірістік клиника ашылғаннан бері бітірушілерден 1 студент медбике, 7 студент дәрігер стоматологтың ассистенті болып жұмысқа қабылданды. Қазіргі таңда үш түлегіміз оқуын жалғастырып, нәтижесінде тіс дәрігері болып қызмет атқаруда.

Колледж ұжымы қазіргі заманғы қоғамға білімді, іскер, жауапкершілік сезімі жоғары жұмысшы кадрлардың және мамандардың керек екендігін түсінеді, сонымен қатар біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті мамандардың кәсіби дайындығының сапасын арттыру үшін әлеуметтік серіктестік жүйесін нығайтуды және одан ары қарай дамытуды қарастыруда. Қазіргі кезде колледждің базасымен қатар Түркістан қаласының тұрғындарына дәрігерлік қызмет көрсету арқылы танымал болған орталық келешекте өңірдегі алдыңғы қатарлы оқу-емдеу мекемесіне айналатыны сөзсіз.

Түркістан жоғары медицина колледжі стоматологиялық оқу – емханалық орталығы 2012 жылдың сәуір айынан бастап қызмет көрсетуде. Ашылған кезден бастап қазіргі таңға дейін өз деңгейін жоғарылатып, стоматологиядағы соңғы жаңалық, өзгерістерді енгізіп, барынша сапалы да жоғары дәрежеде қызмет көрсетуде. Емханада 2 жоғары санатты дәрігер – стоматолог, 3 бірінші дәрежелі дәрігер – стоматолог, өз ісін жоғары дәрежеде меңгерген 3 тіс техниктері, тіс дәрігерлері, дәрігер ассистенттері, мейірбикелер қызмет етеді. Атап айтқанда 4 дәрігер – стоматолог терапевт, 1 дәрігер – стоматолог хирург, 4 дәрігер – стоматолог ортопед, 2 тіс дәрігері, 3 тіс технигі, 1 радио-

визиография (рентген) лаборанты, 3 дәрігер ассистенті, 4 мейірбике және басқада қызметкерлер бар. Мамандарымыз өздерінің біліктілігі бойынша және де стоматология саласындағы соңғы өзгерістер бойынша өз білімдерін уақытылы жетілдіріп, жоғарылатып баруда. Емханамызда стоматология саласында соңғы кезде қолданысқа енгізілеген құрал – жабдықтар және аппараттар мен жабдықталып дәрігердің ыңғайлы және сапалы жұмыс істеуіне мүмкіншілік жасалған. Диагностикалау үшін ЭОД, Апекслокатор, Депофорез аппараттары қолданылады. Радиовизиографиялық зерттеу үшін Planmeca Romexis аппараты қолданылады. Емханамызда хирургиялық, терапиялық, ортопедиялық, радиовизиографиялық қызмет түрлері көрсетіледі. Емханамызда тіс техникалық лабораториясы бар. Тіс қаптамаларының барлық түрлері жасалынады. Металлокерамика, құймалы тістер, металло – пластмассалы коронкалар, алынбалы протез түрлері: валпласт, бюгелді протез, бюгелді протез аттачмент пен пластмассалы протездердің барлық түрлері бар. Техникалық аппараттардан: муфелді пеш, центрофуга, програмат 300 аппараттары қолданысқа ие.

Колледж студенттері үшін дуальды оқыту жүйесі бойынша сабақтар жүргізіледі. Емханамызда студенттердің сабақ өту үшін 2 оқу бөлмесі бар. Сабақ өтіліп сол арнайы тақырып бойынша дәрігердің жұмысын қадағалап, өздерінің де істеп көруге мүмкіншілігі бар. Студенттердің өзіндік жұмыс жасауы үшін де мүмкіндіктер қарастырылған.





Махира ДАДАШЕВА
№5 лабораториялық диагностика және стоматология пәндері бойынша циклдық әдістемелік комиссия төрайымы

Лабораториялық диагностика

Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен білім мен ғылымда болатыны сөзсіз. Білім қуған жастарға терең тәрбие мен озат білім беретін Түркістан жоғары медицина колледжінде «Лабораториялық диагностика» мамандығын 1998-1999 оқу жылынан бастап даярлап келеді.

Клиникалық зертханалық диагностика қазіргі медицинадағы обьективті



диагностикалық зерттеулердің арасында алдыңғы орындардың қатарында тұр. Ағзаның физиологиялық және патологиялық жағдайларын зерттеп бағалайтын, тіндердің және ағзадағы сұйықтықтардың жасушалық, химиялық құрылымын аналитикалық тұрғыда талдайтын, клиникалық диагностикалық бөлімі болып табылады.

Клиникалық медицинада зертханалық диагностика әдістері ауруды диагностикалау, аурудың сипатын, кезеңін және мезгілін, кейде болжамын, емнің нәтижесін бақылау үшін негізгі роль атқарады. Болашақ медициналық лаборанттарды даярлауда осындай жауапкершілікті сезіне отырып, ТЖМК оқытушылары кәсіби мамандарды оқытуда ерен еңбек етіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп отыр.

Студенттердің теориялық білімі мен тәжірибелік дағдысын, кәсіби дайындық деңгейін, логикалық ойлау, алған білімді нақты іс-әрекетте қолдану мақсатында Қызылжар өңірінде өткізілген Республикалық байқауға қатысып, «Лабораториялық диагностика» мамандығының бітіруші түлегі Бөрібай Ф. II орынды иеленді.

МКҚК Қостанай медициналық колледжіне «Лабораториялық диагностика мамандығы студенттерінің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың өзекті мәселелері» тақырыбында өткен Республикалық ғылыми-практикалық конференциясында ТЖМК студент Ташан А. ғылыми ізденіс жұмысы бойынша II дәрежелі дипломмен марапатталды. Ғылыми жетекшісі «Клиникалық зертханалық зерттеу әдістері» арнайы пәнінің оқытушысы: Ерманкулова М.М.

ТЖМК №5 ЦӘК төрайымы «Санитарлық-гигиеналық техникалық зерттеу» пән оқытушысы Дадашева М.Ж Республикалық деңгейде ашық тәжірибелік сабағын жоғары деңгейде өтіп тәжірибе таратты. 2016 жылы «Лабораториялық диагностика» мамандығының студенттері арасындағы Республикалық байқауды ТЖМК жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізді. Осындай жетістіктерге қол жеткізуде, колледж оқытушыларының еңбегі ұшан теңіз.

М. ЕРМАНҚҰЛОВА
«Клиникалық зертханалық зерттеу әдістері» арнайы пәнінің оқытушысы







МЕЙІРБИКЕ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Мейіргер ісі – денсаулық сақтау саласының маңызды бір бөлігі, сол себептен мейіргерлер еліміздің орта буынды медицина қызметкерлердің ең көп бөлігін құрайды. Білікті күтімді талап ететін мейіргер баға жетпейтін маман болып саналады. Бүгінгі таңда орта буын медицина қызметкерлерінің бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мен аурудың алдын алуда жүргізетін жұмыстарының қаншалықты жауапты да күрделі екені баршаға белгілі.

Түркістан жоғары медицина колледжінің алғаш ашылған бөлімдерінің бірі – «Мейіргер ісі» мамандығы. «Мейіргер ісі» мамандығын бүгінгі таңда он мыңнан астам түлек бітіріп шықты. Олар тек Түркістан облысында ғана емес Республиканың түкпір түкпірінде жұмыс атқаруда.

Қазан айында Түркістан облысына арнайы іс-сапармен келген Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов Түркістан жоғары медицина колледжінің студенттерінің білім деңгейі мен тәжірибелік дағдыларын бағалау мақсатында симуляциялық оқу орталықтарын аралады. Атап айтқанда, мейіргер ісі негіздері, педиатрия, хирургия, терапия, акушерия және гинекология пәндерінен симуляциялық орталықтарында мейіргер ісі студенттері дуальды оқытудың принципін қалай жүзеге асыратынына көзі жетіп, жоғары баға беріп кетті.

Мейіргер ісінен симуляциялық орталық қазіргі заманғы аппаратуралармен, фантомдармен, жоғары технологиялы виртуальды симуляторлармен жабдықталған. Орталықта оқыту процесіне симуляциялық технологияларды, компьютерлік технологияларды қолданып студенттер клиникалық машықтарды меңгереді, волонтерлерді қатыстырып клиникалық сценарий әзірлеу сияқты инновациялар енгізеді. Көпфункциялық робот-симулятор Сьюзи, робот-симулятор Халл медбикелік күтімнің барлық дағдыларын: жеке бас тазалығы; дәрілерді сыртқы, парентеральді жолдармен енгізу; пункциялар жасау; клизма жасау; катетерлеу т,б дағдыларды бекітуге, сонымен қатар қан қысымын өлшеуге, жүректі тыңдауға (қалыпты және патологиялық шуларды естуге); өкпенің қалыпты және патологиялық шуларын, әр түрлі тыныс түрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Робот компьютер арқылы басқарылады. Арнайы мониторда барлық өмірлік маңызды көрсеткіштер көрсетіледі. Бағдарламаға әр түрлі сценарийлерді енгізіп патологиялық өзгерді анықтау мүмкін. Сонымен қатар роботқа ЭКГ аппаратын жалғап әр түрлі жүрек патологияларының электрокардиограммасын алуға, клиникалық өлім болған жағдайда дефибриллятор жалғап реанимациялық шараларды жүргізуге болады.

Симуляциялық орталықта “Pesusci Anne Basic” манекендері сапаны бақылау индикаторымен СЛР (контроллер) жүрек-өкпе реанимациясын сапалы үйретуге көмек береді. Инъекция жасауға арналған соңғы үлгідегі моделдерде көрсетілген анатомиялық құрылымдар инъекция орнын дұрыс таңдауға студенттерге мүмкіндік береді, сонымен қатар инъекцияны дұрыс орындау, инъекция орнын дұрыс таңдау арнайы сигнал көмегімен хабарландырылады. Мөлдір фантом, тренажерлер манипуляцияларды орындау барысында ішкі ағзалардың анатомиясын, топографиясын анықтауға, манипуляцияны орындауды бақылауға мүмкіндік береді. Педиатриядан симуляциялық орталықта «Newborn HAL» -жаңа туылған нәрестеге арналған симуляциялық манекен, жаңа туылған нәрестелерге, 3 жастағы, 7 жастағы балалардың жүрек-өкпе реанимациясына және эндотрахеяны интубация жасауға, бала күтіміне арналған манекен-тренажерлармен студенттер машықтанады. Балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра емдеу (БШАЫЕ) бағдарламасына арналған мини орталықта студенттер дені сау және науқас балалардың жағдайын бағалауды, күтім жасауды және емдеуді үйренеді.

***

Қазақстандық денсаулық сақтау жүйесі үздік әлемдік практикаға бағдарланып жаңғыртылуда. Ел азаматтарының денсаулығын жақсартуға бағытталған бағыттардың бірі «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының болып табылады. «Мейіргер - ол іргелі медициналық білімі мен жаңа технологияларға ие, тілдерді меңгерген және дәрігермен бір жазықтықта жұмыс істейді» – деп Мемлекет басшысы отандық денсаулық сақтау саласының алдына осындай міндетті қойып отыр.

Медициналық құжаттарды жүргізудің жаңа технологияларын енгізу жалғасуда, күндізгі стационарларда, хоспистерде, консультациялық - диагностикалық орталықтарда және үйде күтім жасау қызметтерінде ауруханадан тыс көмектің жаңа түрлеріне мейіргерлердің қатысуы кеңейтілуде, отбасын жоспарлау кабинеттеріндегі мейіргерлердің алдын алу жұмыстарының оң тәжірибесі бар. Колледжде жалпы тәжірибедегі мейіргерлерді даярлаумен қатар, осы оқу жылынан бастап «Мейіргер ісі» мамандығының қолданбалы бакалаврларын даярлай бастадық. Бұл оқытудың мақсаты - алған білімін практикалық қызметте белсенді және тиімді пайдалануға және пациенттің қауіпсіздік

принциптеріне сәйкес жұмыс істеуге қабілетті жаңа формациядағы мейіргерлік ісінің практикалық бағытталған мамандарын дайындау болып табылады.

Білікті мамандарды дайындау үшін колледжде мейіргерлік технологиялар бойынша заманауи симуляциялық кабинеттер, оқу-оңалту орталығы, медициналық эргономика бойынша оқу орталығы, паллиативтік көмек және гериатриялық күтім бойынша оқу орталығы, дәстүрлі емес медицина бойынша оқу орталығы ұйымдастырылған.

Біздің студенттер оңалту процесін жүзеге асыра отырып, әр түрлі жағдайларда әр түрлі дағдыларға ие болады, келесі рөлдерді орындайды:

- пациент немесе оның отбасына күтім жасау бойынша дағдыларды игеруді үйретеді;
- пациентті және оның отбасын ақпаратпен қамтамасыз етеді және денсаулықты қалыпты жағдайға қайтару және тәуелсіздікке жету үшін қажетті дағдыларды әзірлеуге көмектеседі;
- пациенттің тұрақты және объективті көмекшісі ретінде әрекет етеді, оны функционалдық мүмкіндіктерді пайдалануға шабыттандырады, пациенттің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы өмір салтын ұйымдастырады.

Болашақ мейіргерлерге гериатриялық үдерісті оқыту заманауи медицина үшін өте маңызды. Гериатриялық күтім бойынша тәжірибелік сабақтарды студенттер паллиативтік және гериатриялық күтім оқу орталығында өтеді. Оқу барысында біз келесі оқу мақсаттарын қоямыз:

- мүгедек немесе егде адамның отбасы ортасындағы өзіне үйреншікті үй жағдайында өмір сүрудің және әлеуметтік бейімделудің оңтайлы деңгейіне қол жеткізу;
- ауыр асқынулардың даму мүмкіндігі қатерінің төмендеуі;
- әлеуметтік-оңалту іс-шараларының тиімділігін арттыру;
- жүйке-психикалық шиеленістің салдарын жоюды қамтамасыз ететін отбасында қолайлы жағдай және психологиялық ахуал жасау.

Студенттер паллиативтік көмек көрсетуді, гериатриялық емделушілерді тек стационарлық жағдайда ғана емес, үйде де, үйде де күтуді үйренеді. Қазақстандағы мейірбике ісінің инновациялық технологияларының бірі медициналық эргономика болып табылады. Ол шаршаудың алдын алуға, кәсіби аурулардың дамуына және мамандардың денсаулығын сақтауға көмектеседі. Бүгінгі таңда медицина қызметкерлерін қайта тиеу және жарақаттану мәселесі денсаулық сақтау технологиясы – медициналық эргономика арқылы шешілуде. Заманауи қосалқы заттармен жабдықталған эргономика орталығында студенттер қауіпсіз тасымалдау әдістерін игереді.

Қазіргі заманғы білім беру ерекшеліктерінің бірі білім беру траекториясын дербес құру мүмкіндігі болып табылады, бұл шын мәнінде кәсіби білім алуға уәждеменің жоғары деңгейін, білім беру деңгейін, бағытын, бейінін саналы түрде таңдауға дайындығын болжайтын жаңа құзыреттілік болып табылады. Колледжде таңдау пәні ретінде дәстүрлі емес медицина жүргізіледі. Бұл пәнді оқыту, дәстүрлі емес медицина әдістерін білу үйлесімді, жан - жақты дамыған орта медицина қызметкерінің тұлғасын қалыптастыруда маңызды мәнге ие. Ауру адамдарға медик-гуманист, медик-психолог, медик-тәрбиеші қажет. Осының барлығы біздің оқу орнының түлегіне еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Студенттерді құзыреттілік тәсілге негізделген және студенттердің өзіндік жұмысқа практикалық дайындығына бағытталған қазіргі заманғы оқу орталықтарында оқыту мейіргерлік істегі көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, ең алдымен мейіргерлер қатарын науқастардың денсаулығын сақтау мен емделушілердің өмір сүру сапасын арттырумен, күтім жасаумен байланысты болған көптеген мәселелерін сауатты және өз бетінше шешетін мейіргерлер толықтырады.

***

Қазіргі заманғы денсаулық сақтаудағы мейіргерлердің рөлі туралы айта келе, бүгінгі күні мейіргер ісіне оқыту қағидалары ғана емес, басқа да міндеттер шеңбері де, білім деңгейі де, мейіргерлердің мәртебесі де өзгерді. Бұл барлық өзгерістер әлемнің дамыған 30 елінің білім деңгейіне сәйкес келеді.

Қолданбалы бакалавриат - қазіргі заман талабына сай мейіргерлік білімнің жаңа деңгейі деп айтуға болады. ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде жаңа білім беру бағдарламасымен мейіргер ісінің қолданбалы бакалаврларын даярлау жұмысы елімізде басталып, алғашқы түлектерде өз жұмыстарын бастады.

2018 жылы 11 сәуірде ҚР денсаулық сақтау Вице-министрі Л. М. Актаеваның қатысуымен финдік сарапшылардың 2018 жылдың 1 тоқсанына арналған есебі жүргізілді. Мейіргер ісін дамыту бойынша комиссияның шешімімен қолданбалы бакалавриат енгізу талаптарына сәйкестігімен біздің колледж «Үздік» деп бағаланды. Бұл бағалау колледждің мейіргер ісі қолданбалы бакалавриат бағдарламасы бойынша оқытуға дайындығын растайды. Соның негізінде Түркістан облысының әкімдігі колледжіміздің бағалауын «талаптарға толық сәйкес келеді» деп келісу шешімін қабылдап, колледжіміздің статусы «Түркістан жоғары медицина колледжі» болып өзгерді. Колледжімізде жаңа оқу жылынан бастап қолданбалы бакалавриатқа 11 сыныпты бітірген түлектерді және жеделдетілген бағдарлама бойынша тәжірибелі мейіргерлерді қабылдады. Қолданбалы бакалавриаттың түлектері науқастарды дәрігерге дейінгі тексеруді, алдын ала диагноз қоюды, тар мамандарға консультацияға жіберуді, балалар мен ересек тұрғындардың патронажын, дәрігердің бақылауымен рецепттер жазуды көздейтін мейіргерлік қабылдау жүргізу үшін кәсіби дағдыларға ие болады.

Әлем бойынша сауықтыруды жүргізудегі жоғары білікті мамандар орнын осы қолданбалы бакалавриат деңгейінде дайындалған жаңа көзқарастағы, жаңа тұрпаттағы мейіргерлер толтыратын болады.

А. ЕРЖІГІТОВА
«Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі
Р. ЕЛЕУОВА
№10 Педиатрия және туыстас пәндер бойынша циклдық әдістемелік комиссия төрайымы
Г. БАБАХАНОВА
№7 Мейіргер ісі пәндері бойынша циклдық әдістемелік комиссия төрайымы, мейіргер ісінің қолданбалы бакалавр бөлімінің меңгерушісі

HOT ENGLISH



Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ағылшын тілін үйреніңдер, бүкіл әлемнің білім-ғылымы сол тілдің негізінде жатыр. Әлемдік бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, бұл тілді жаппай меңгеру керек», - деп жастарға үндеу тастауында үлкен мән бар. Бүгінгі таңда ағылшын тілі бүкіл әлемді біріктіріп отырған басты тілдердің бірі болып отырғаны рас. Ағылшын тілі арқылы әлем өзара коммуникациялық байланысқа түсіп, интеграциялану үрдісімен барлық ұлттар бірігіп жатыр. Ғаламдану процесіне қазақ елі де ілесіп келеді. Десек те, жаһанануға жұтылып кетпес үшін қазақ тілін сақтай отырып, өзге тілдерді меңгеруге, дамудан артта қалмауға барынша атсалысуда.

Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ағылшын тілі – халықаралық тіл ретінде қолданысқа енгізілген. Ағылшын тілі бала-бақша мен мектептен бастап, колледж, университеттерде өзара тілдесім құралы ретінде қолданылып келеді. Осы орайда Түркістан жоғары медицина колледжінде де студенттер мен оқытушылар үшін арнайы ағылшын тілі клубы жұмыс істейді. Соңғы екі жылда клуб мүшелерінің саны артып, жылдан жылға қызығушылықтары басым түсуде. Оқытушылар сабақ барысының 15 минутын ағылшынша тілесуге арнайды. Бұл білім ордамызда үйреншікті дәстүрге айналып келеді. Колледж оқытушылары «Hot English» education centre, яғни тіл үйрету орталығының арнайы сертификатына ие болды. Бүгінгі таңға дейін 82 оқытушы ағылшын тілін үйреніп, мақтау қағаздары мен тиісті сертификатқа ие болды.

Елбасы ағылшын ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі болғандықтан оны үйрену еліміздің дамуына серпін бермесе, кері итермейтіндігін қадап айтқан болатын. Осы орайда қарым-қатынас жасау үшін өзара түсінісуге арналған ағылшын тілі клубы жыл сайын студенттер мен оқытушылар арасында «Тіл білгірі» сайысын ұйымдастырып келеді. Бұл сайысқа педагогтар мен дәрігерлер үлкен дайындықпен қатысып, алдыңғы қатардан көрінуге тырысып, ерекше дайындалады. Жоғары ұпай жинаған оқытушы мен студенттерге арнайы сыйлықтар табысталады. Ағылшын тілі клубына еріктілер, яғни үйренгісі келетіндер сенбі күні жиналады. Клуб мүшелері ағылшын тілінде қарым-қатынас жасап, өзара тілдесуде үйренеді, жетекшілердің басшылығымен түрлі тақырыптарда әңгімелеседі. Ағылшын тілі клубының жетекшілері, ағылшын тілі пәнінің тәжірибелі оқытушылары Қалдыбекова Айжан мен Нурсейтова Ақбота әрбір клуб кездесуіне шығармашылықпен дайындалады. Клуб мүшелерінің жас ерекшеліктерін ескере отырып ағылшын тілінде The Hat, Who am I?, Scrabble, Cards Against Humanity, Apples to Apples, Snake Oil сияқты ойындар жүргізеді, ағылшын тілді елдердің мәдениетімен таныстырады. Бұл ойындар ағылышын тілінде еркін сөйлеу дағдысын дамыта отырып қатысушалардың ағылышын тілінде логикалық ойлау қабілетін қалыптастырады. Клуб мүшелері ағылшын тілінде интеллектуалды ойындарға қатысып, газет-журналдармен танысып, ағылшын тілінде мазмұндама жазады. Негізгі мақсат тілдік кедергілерді жою, кез-келген жағдайларда ағылшын тілінде еркін сөйлей алуға үйрету, дағдыландыру. Кездесуді өте қызықты, әрі үнемі жақсы деңгейде өткізу үшін клуб жетекшілері модератор рөлін атқарып, түрлі техникалық құралдарды пайдаланып, тиісті материалдарды әзірлейді. Олар клуб мүшелеріне бағытталған сұрақтар қойып, ойларын сауатты жеткізуге ықпал жасап, көмектеседі.

Бейресми атмосфера мен қызықты тақырыптағы қарым-қатынас студенттер мен оқытушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлей алуына күш береді, кедергілердің азаюына көмектеседі. Сұхбат барысында ағылшын тіліндегі аудиоматериалдар қолданылады. Қатысушылар кездесуге дайындалып жүріп, клуб мүшелерінің сөйлеуін аңара отырып, модераторлардан қосымша материалдар ала отырып, сөздік қорлары кеңейеді. Болашақ орта буынды медицина мамандарының ағылшын тілінде тілдік қорларын дамытып, сөйлеу мәдениетін арттырудағы ағылшын тілі клубының алар орны айрықша. «Әр халықтың тілін сол елдің дүниетанымы, мәдениеті мен тарихы, салт-дәстүрі арқылы меңгеурге болады. Өзге тілді неғұрлым көп меңгерген сайын, соғұрлым дүниетанымы кеңейіп, рухани байи түседі» - деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай арманшыл жастар әлемдік мәдениетті игеруге ұмтылып, елдің дамуына айрықша үлес қоса береді деп сенеміз.

Гүлмира АЛДАБЕРГЕНОВА
№11 тілдер пәндері бойынша ЦӘК төрайымы

Айжан ҚАЛБЫБЕКОВА
«HOT ENGLISH” модераторы

КІТАПХАНА - білімнің қайнар көзі

Егеменді Қазақстанның өркениетті елдер қатарына қосылуының, халқымыздың болашағы үшін білім мен ғылымның, тәлімді тәрбиенің орны бөлек. Барлық игіліктің оқумен келетінін бабаларымыз о бастан айтып кеткен. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұлттың ұлағаты – мәдениетте, мәдениеттің ұлағаты – оқу мен әдебиетте» деуі де білімнің берері мол екенінің айқын дәлелі.



Бүгінгі заман ақпараттық технологиялар заманы. Ғылым мен техника, білім жүйесі сәт сайын ілгері қарыштап, көз ілеспес жылдамдықпен дамитын қазіргі кезең әрбір кітапханашыдан даму үрдісінің қадамын зерделей қарап, одан қалыспай әрекет етуді, ізденуді талап етеді. Бүгінгі ғаламтор, электронды пошта, компьютерлендіру және кітапхана-библиографиялық процестерін автоматтандыру, жаңа технологияларды ендіру сияқты жаңа заман талаптарынсыз кітапхананың толлыққанды және нәтижелі жұмысын елестету мүмкін емес. Құжаттарды электронды жеткізу сияқты қызметтер кітапхана қажеттілігіне айналады. Соңғы кезде ақпараттар алу жылдамдығы өсіп, интернет жүйесінен дүние жүзінің кез-келген нүктесінен ақпарат алу мүмкіндігін оқырмандарымыздың жақсы меңгергендігін атап айтуға болады. Бұл қазіргі кезде қалыпты жағдайдағы қажеттілік. Әрбір жасөспірім оқырман ғаламтордан қажетті ақпаратты алуға, электронды анықтамалар мен энциклопедияларды пайдалануға толық мүмкіндігі болуға тиіс.

Еліміз халықаралық білім стандарттарына, әлемдік білім кеңістігіне ұмтылып отырған қазіргі таңда кітапханашыға қойылар талап та жоғары. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар. Кітапханашы жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан дүниесі бай кәсіби маман, адамдармен дұрыс қатынас жасай алатын, жауапкершілік сезімі жоғары тұлға болуы тиіс. Сондай-ақ, олар өз кәсіптерінің мақсат-міндеттерін терең түсінетін, бүгінгі қоғамның басты құндылықтары болып отырған білім мен ақпараттық техникаларды меңгерген құзыретті тұлға болуы тиіс.

Колледж кітапханасы қорының қалыптасуы мен дамуы, ақпараттардың таратылуы, кітапханашылардың білім деңгейін жетілдіруі, кітапханалық «КАБИС» бағдарламасымен жұмыс істеуі – бұның барлығы жан-жақты білімді, білікті, парасатты, уақыт көшінен қалыспай алға қарай қадам басатын кітапхана екендігін дәлелдейді. Колледж директоры м.ғ.к. Ғ.Н.Бимурзаев кітапхананың жұмысына, кітап қорының өсуіне көп көңіл бөледі. Бүгінгі таңда кітапханашының кітап қоры білім стандартына сай, студенттер оқулықтарды толық пайдалануда. Колледж кітапханасының оқырмандарға қызмет көрсетуде оқулықтармен қамтамасыз ету, кітапхана қызметін жоғарылатудағы жаңа мүмкіндіктер, жаңа технологиялар, жаңа келіп түскен оқулықтарға арналған «Анықтамалық бюллетень-дер», тақырыпты картотекалар кітапхана жұмыстарының нәтижесін көрсетуде

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласын іске асыру аясында 1 қазан – қарттар күні! «Қарттарым – асыл қазынам», Мұқағали Мақатаевқа арналған әдеби- сазды кеш «Жырлайды жүрек», Мұхтар Шаханов «Ұлт тілін ұлықтаған тарлан ақын» атты бірнеше іс-шаралар өткіздік. Түркістан медицина колледжінің кітапханашылары халқымыздың сан қилы тарихын, өнегелі әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, мәдени мұрасын, әдеби қазыналарын, тереңнен толғайтын сөз өнерін студенттерге кітап арқылы әрі қарай да насихаттап, кітап адамның ішкі дүниесіне, ой-өрісіне ықпал жасап, мұқтажын қанағаттандыратын рухани азық болып қала беруіне ықпал етеді деген сенім білдіремін.

Ә. МҰСТАПАЕВА
кітапхана меңгерушісі

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ФАРМАЦЕВТИКА

Фармация (грек тілінен pharmakeia – дәрі, дәріні қолдану) – денсаулық сақтау ісінің халыққа дәрімен көмек көрсетуді жүзеге асыратын саласының бірі. Фармация саласында қызмет ететін мамандарды жалпы фармацевтер деп атайды. Фармацевт – арнайы жоғары немесе орта фармацевтикалық білімі бар маман. Олар дәрілік заттарды анықтау, іздеу, зерттеу, дайындау, сұрыптау, стандарттау, сақтау, тарату, және фармацевтикалық қызметті ұйымдастырумен айналысады. Қазіргі таңда еңбек нарығында фармацевтер үлкен сұранысқа ие мамандық.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» бағдарламасына сәйкес, Қазақстан Республикасында ауруханалардың әрбір бөлімдерінде фармация бөлімі ашылып, фармацевтер жұмыс жасайды және емханада дәрігермен бірге бірлесіп клиникалық фармаколог жұмыс атқаратын болады. Осыған орай фармацевтерге деген сұраныс одан әрі жоғарылай түседі.

Елу жылдық тарихы бар Түркістан жоғары медицина колледжі еңбек нарығын мамандандырылған фармацевтермен қамтамасыз етіп жүргеніне бүгінгі таңда жиырма жыл толыпты. Үлкен сұранысқа ие мамандарды дайындау колледж ұжымының басты мақсаты. Колледжде фармация мамандығы бойынша студенттердің кәсіби дамуы мен білім беру үрдісін жетілдіру және мамандардың біліктіліктерін, шеберліктерін арттыру мақсатында, колледжде заманауи ғылыми-техникалық «Фармацевтикалық дағдылар орталығы» жұмыс жасайды. Бұл орталық фармация мамандығы бойынша студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамытуға бағытталған құрылымдық бөлім болып табылады. Фармацевтикалық дағдылар орталығы «Оқу дәріханасы», «Фитобар», «Дәрілік нысандар технологиясы», «Менеджмент және маркетинг негіздерімен фармацияны ұйымдастыру және экономикасы», «Фармакология», «Химия» бөлімдерінен тұрады.

Орталықтың мақсаты студенттерге фармация мамандығының кәсіптік пәндері бойынша тәжірибелік дағдыларды жан-жақты жетілдіру және біліп-үйренуге жағдай жасау болып табылады. Әр бөлімде көрнекі және техникалық оқу құралдарының көмегімен студенттердің теориялық білімі мен тәжірибелік дағдылары бағаланады. Атап айытқанда екі бөлімнен тұратын арнайы дәріхана жиһазымен жабдықталып, ұйымдастырылған оқу дәріханасында студенттерге тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға үлкен мүмкіндік береді. Ал қосымша ұйымдастырылған фитобар мен фитоогород кәсіптік пәндер бойынша білімін терең жетілдірумен бірге, заман талабына сай ғылыми ізденіске жетелейді, яғни кәсіптік пәндер бойынша ұйымдастырылған «Жасыл дәріхана», «Ізденуші фармацевт», «Зерттеуші химик» үйірмелерінің ғылыми базасы болып табылады. Фитоогородта студенттер дәрілік өсімдіктерді өсіріп, жинап, кептіріп, олардан фитобарда фито шәйлар дайындап, ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізеді.



Осындай заманауи ғылыми-техникалық база, өзінің жеке дәріханалық оқу базасы, шаруашылық лабораториясы, жоғары дәрежедегі педагогикалық құрамның болуының арқасында колледж жыл сайын еңбек нарығын мамандандырылған «Фармацевт» мамандармен қамтамасыз етуде. Фармация мамандығының студенттері қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, республикалық, облыстық үздік фармацевт сайыстарға, түрлі үйірмелерге қатысып ғылыми-ізденіс жұмыстарымен де айналысады. Соның жарқын көрінісі пәндік олимпиадалар мен облыстық, республикалық және халықаралық байқауларда жүлделі орындарға ие болған. Атап айтсақ : жыл сайын республикалық (Қостанай, Шымкент, Түркістан, Қараганды), облыстық, колледж ішілік «Ең үздік фармацевт» байқауына үздік студентті белсенді қатысып 2013 жылы - Республикалық «Ең үздік фармвцевт-2013» байқауында – I орынға, 2015ж Облыстық «Ең үздік фармвцевт-2015» байқауында – II орынға ие болды.

Сонымен қатар «Фармация» бөлімінің студенттері ғылыми-зерттеу конференцияларына белсенді қатысып: Республикалық және Халықаралық деңгейде 5-рет I орынды, Облыстық деңгейде 4-рет I жүлделі орындарды иеленіп жүр.

Н. АБРАМАНОВА
№6 Фармация және туыстас пәндер бойынша циклдық әдістемелік комиссия төрайымы

АДАМ ӨМІРІНІҢ САҚШЫЛАРЫ

Болашақ фельдшерлер мен акушерлердің кәсіптік дүниетанымын қалыптастырудың басты мақсаты – оған белсенді кәсіптік қызметке кірісе алуға, әртүрлі кәсіби жағдайларда әрекет етуге және өзін өмірлік ұстанымы бар тұлға ретінде көрсете білуіне мүмкіндік беретін жаңа білім сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Білім алушылардың тәжірибелік дайындығының сапасын арттыру және олардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру үшін колледждердің клиникалық базаларының болуы үлкен роль атқарады. Алайда, науқастың жанында білім берудің басты кемшілігі,



ол науқастың сапалы медициналық көмек алуына құқығын бұзады. Екіншіден, оқытушы білім беру үрдісін қадағалай алмайды. Сондықтан білім алушы нақты қажетті дағдыны иегерді деген сенімділік болмайды. Осы тұрғыдан алғанда симуляциялық әдістемелерді пайдалану – білім алушылардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастырудың бірден-бір үлгісі болып табылады.

Білім берудегі симуляциялық әдістемелер білімнің әдістемесінен нақты әрекет әдістемесіне, яғни жүйелі шешім қабылдауға қабілеттерді жетілдіруге мүмкіндік береді. Жағдайдың үлгісін жасау негізгі клиникалық дағдыларды оқытудың сапасын арттыруға және оларды үнемі қайталап және сәйкес деңгейде қалыптастырып отыруға ықпал етеді.

Түркістан жоғары медицина колледжінде білім беру үрдісіне аталған әдістерді енгізу мақсатында Хирургиялық аурулар және туыстас пәндер циклдық комиссиясында жалпы хирургия, реанимация және анестезиология, хирургиялық аурулар, хирургиядағы мейіргер ісі, апат медицинасы, акушерия және гинекология пәндері бойынша симуляциялық бөлмелер ұйымдастырылған.

Жанұяны жоспарлау бөлмесінде гинекологиялық тексеру және контрацепцияға негізделген имитаторда студенттер дағдыларды еркін машықтанып үйренеді; сыртқы акушерлік қарау, өңдеуге негізделген модель құралсаймандармен сыртқы және ішкі жыныс мүшелерін қарап, өңдеу жүргізуді имитация жасайды. Ламаз мектебі бөлмесінде студенттер жүкті әйелдерді физиопсихопрофилактикалық дайындау үйренеді.

Акушериядан қауіпсіз аналық бағдарламасына негізделіп жабдықталған жүкті әйел және гинекологиялық іс-шаралар жүргізуге арналған манекендер, алғашқы және кіндік бау өңдеуіне арналған манекен нәрестелер, компьютерленген «Noelle» босанушы әйел тренажерлары болашақ босанушы әйелге клиникалық протоколдар негізіне сүйеніп, стандартты алгоритмдерді сақтай отырып, физиологиялық босануды қабылдауды еркін көрсетуіне толық мүмкіндік жасалған.

Акушерия және гинекология пәндері бойынша симуляциялық орталықтарда келесі дағдыларды машықтанады:

- физиологиялық босануды қабылдау;
- кіндікбаудың біріншілік және екіншілік өңдеуі;
- босану жолдарының тұтастығына баға беру;
- физиологиялық және патологиялық қан шығынын анықтау;
- жатыр инволюциясына баға беру;
- құрсақтағы нәрестенің жүрек соғысын тыңдау;
- сыртқы акушерлік-гинекологиялық тексеру жүргізу;
- арнайы гинекологиялық тексерулерді жүргізу;
- жатырішілік спиральды салу және алу техникасын игеру.

Хирургиялық науқастарды қабылдау бөлмесі клиникалық базалар негізінде жабдықталған. Көп функциялы манекендер арқылы науқасты қабылдау, шұғыл көмек көрсету имитациясын жүргізеді. Көліктік жақтаулар салып, тасымалдау жасауды үйренеді.

Таңу бөлмесі – ауруханының таңу бөлмесіне жақындатылып жабдықталған. Тігіс салуға арналған манкендер, кеңірдек интубациясы тренажері, плевралды пункция муляжы, торакоцентез, асқазанды зондтау фантомдарымен дағдыларды имитация жасайды.

Көп функционалды робот «Hal», жүрек-өкпе реанимациялық тренажерлары, 3D-реанимациялық манекені (планшет арқылы реанимациялық шара дұрыстығына баға беру, жара түрлерінде күю, үсу, жыртылу, кесілу) өңдеу, таңғыш салу, таңу іс-шарасын көрсетуге арналған манекендер пайдаланылады.

Жалпы хирургия және реанимация, анестезиология, Хирургиялық аурулар пәндері бойынша барлық мамандық студенттері тәжірибелік сабақта дәрігер-оқытушылардың бақылауы мен үйретуімен мына төмендегі дағдыларды машықтанады:

- жүрекке жабық массаж жасау;
- жасанды дем беру;
- көліктік жақтаулар салу;
- жарақаттарды таңу;
- асқазанды зондтау;
- қуықты катетрлеу;
- жарақатқа тігіс салу және алу;
- ішек жыланкөздеріне күтім жасау;
- таңғыштарды салу;
- жараларға өңдеу жүргізу және т.б.

Қорыта айтқанда, болашақ медицина мамандарын дайындау, олардың кәсіптік құзіреттілігін қалыптастыру барысында мұндай әдіс неғұрлым тиімді болып табылады, өйткені белгілі бір клиникалық жағдайды игеру кезінде білім алушы болашақ мамандығының қыр-сырымен танысып, қауіпсіз жағдайда өз мүмкіндіктерін толық пайдалануына болады.

Г. АМАНБАЕВА
№9 Хирургия және туыстас пәндер бойынша циклдық әдістемелік комиссия төрайымы
С. АБИТАЕВА
«Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі

БІЛІКТІЛІК ЖЕТІЛДІРУ ЗАМАН ТАЛАБЫ



Түркістан жоғары медицина колледжінде Түркістан облысына қарасты қалалар мен аудандарда қызмет етіп жатқан орта буынды медицина мамандары үшін оларды мамандандыру және білімін жетілдіру мақсатында құрылған бөлімнің жұмысы жанданууда. Себебі жыл өткен сайын қырқынды дамып жатқан медицина саласы еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бүгінгі таңда әрбір медицина маманы білімін жетілдіріп, жаңа технологияларды тез меңгеріп, заман ағымына ілесіп отыруы тиіс. Осы орайда білім ордамызда мамандандыру және біліктілікті арттыру бөлімі талапқа сай жұмыс жүргізіп келеді.

Бөлімнің дамуы мен қалыптасуына көптеген медицина саласында қызмет ететін мамандар, білікті дәрігерлер атсалысуда. Оқу сапасын жоғары деңгейде өткізу үшін қолледждің оқу бөлмелері, симуляциялық орталықтар, интерактивті тақта, тренажер, муляждармен жабдықталған жұмыс бөлмелері, кітапхана және электронды оқу залы берілген. Сабақтарда әртүрлі көрнекіліктермен қоса бейнефильмдер пайдаланылады. Тыңдаушылардың тәжірибелік білімдерін машықтандыру қалалық емдеу-сауықтыру мекемелерінде өтеді. Атап айтар болсақ, Түркістан қалалық орталық ауруханасы, Түркістан қалалық емханасы, Түркістан қалалық балалар ауруханасы, №3 Облыстық перинаталдық орталық, Облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы, Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ-дің клинико-диагностикалық орталығы және «Талғат» клиникасы т.б.

Жыл сайын бөлімде денсаулық сақтау басқармасының мемлекеттік тапсырыс есебінен және келісім-шарт бойынша қосымша циклдар, семинарлар, мастер-кластар ұйымдастырылады. Медициналық мекемелердің сұраныстары бойынша көшпелі циклдар да ұйымдастырылып тұрады. Орта буынды медицина қызметкерлерін мамандандыру және білімін жетілдіру «Емдеу ісі», «Акушер ісі», «Мейіргер ісі», «Зертханалық диагностика», «Фармация» мамандықтары бойынша жүргізіледі.

Бөлім өз жұмысында орта буынды медицина қызметкерлерінің дипломнан кейінгі дайындықтарын реттейтін нормативті құжаттарды басшылыққа алады. Біліктілікті арттырудың және қайта даярлаудың бағдарламаларын іске асыру Үлгілік оқу бағдарламасына, жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Біліктілікті арттыру циклдерінің, сондай-ақ қайта даярлау циклдерінің тыңдаушыларының алғашқы білім деңгейін анықтау үшін базистік, оқу кезінде – ағымдық, оқу соңында – қорытынды бақылау жүргізіледі. Бақылау тестілеу, әңгімелесу, симуляциялық технологияларды пайдалану нысанында, сондай-ақ біліктілікті арттыру, қайта даярлау циклі оқытушысының жетекшілігімен пациентпен жұмыс түрінде жүргізіледі. Түркістан жоғары медицина колледжінің біліктілікті арттыру және қайта даярлау бөлімі - орта буынды медицина қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру және қайта даярлауды барынша жан-жақты жетілдіруге мүмкіншілігі жеткілікті.

Қ. ИСМАИЛОВА
біліктілік жетілдіру бөлімшесінің меңгерушісі

ЦИФРЛАНДЫРУ
ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «IT қызмет көрсетуді дамыту ерекше маңызға ие болып отыр. 2018 жылы «цифрлық дәуір» өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеуге кірісу керек», - деп атап көрсеткен болатын. Осы орайда Түркістан жоғары медицина колледжінде білім беру ісін цифрландыру, ақпараттандыру барысында компьютерлік кластар, лингафон кабинеттер, видеокластар, мультимедиялық, IT, Smart және т.б. кластарды соңғы үлгідегі техникалармен жабдықтау, электрондық оқу құралдары мен оқулықтарды, кітапхана web-каталогын жобалау, оқу үрдісін цифрлық жүйеге көшіру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Цифрландыру дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Алдымызда болатын міне, осындай заман өзгерістеріне біздің колледжде IT білім деңгейін жоғарылату, шығармашылық қабілеттерін дамыту және жаңа бағдарламалық білім серпілісін беру арқылы болашаққа ынталандыру үшін барлық оқу кабинеттері, 5 копьютер класы, 2 лингафон кабинеті, 2 электронды оқу залы, кітапхана, жатақхана, асхана, спорт зал барлығы қажетті техникалармен жабдықталып, 100% интернет жүйесімен қамтамасыз етіліп, колледж сайты WWW.Turmed.kz /kolledj.sdo.kz/ адресімен жұмысын жалғастыруда.

Білім сапасын көтеру мақсатында колледждің ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедия – технология, интерактивті құрылғылар, “Online” байланыс) кеңінен пайдалану арқылы Республика көлемінде оқу-әдістемелік бірлестік отырыстары, мастер кластар, ашық сабақтар мен түрлі конференциялар өткізіліп, сонымен қатар студенттер мен оқытушылар түрлі шараларға қатысуда.

«Кабис» бағдарламасы енгізілген колледж кітапханасы типтік бағдарламаға сәйкес әдебиеттермен қамтылған. Электронды оқу залында студенттер әлемдік деңгейдегі медициналық оқулықтармен сусындай алады. Кітапхана қоры жыл сайын мүмкіндігінше жаңа оқулықтармен толықтырылып отырады. Колледждің қабылдау бөліміне құжат тапсырған талапкердің оқуға тапсыру үшін қажетті құжаттары толық электронды айналымға салынған.

Колледжінің сабақ кестесі де электронды айналымға салынып, цифрлық жүйеге келтірілген. Онда мамандығы, курсы, тобы



бойынша жалпы сабақ кестесі көрсетілген. Бұл электронды сабақ кестесі «WorldSkills Kazakhstan – 2018» өңіраралық чемпионаты аясында өткізілген «Үздік кәсіп иесі» көрмесінде III дәрежелі дипломмен марапатталды.

«IT және инжинирингтік қызмет көрсетуді дамыту ерекше маңызға ие болып отыр. Онсыз өзін құрметтейтін ел қалыпты өмір сүре алмайды. Бәсекелестік болмаса, біз артта қаламыз және алда келе жатқан мемлекеттердің шаңын жұтатын боламыз» – деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, бүгінгі таңда соңғы үлгідегі техникалық құралдармен жасақталған Түркістан жоғары медицина колледжі «Ақылды колледж» іргесін қалыптастыру үстінде.

Р. КЕНЕНБАЕВА
Түркістан жоғары медицина колледжі
IT орталығының меңгерушісі



ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ
тәрбие тірегі

Тәрбие – білім шаңырағының бірден бір берік тірегі. Студенттік үкімет ұйымы 2008 жылдан бастап құрылған болатын. Он жылдан астам уақыт бойына үздіксіз жұмыс жасап келе жатқан студенттік ұйым қаламыздағы оқу орындардың ішіндегі нақты нәтижелі жұмыс жасайтын бірден бір ұйым. Бүгінгі таңда студенттік үкімет ұйымының еңбегі бағаланып, қала әкідігінің ұйымдастыруымен жыл сайын өтетін номинациялар байқауында білім ордамыз бірнеше рет «Үздік колледж» аталымына ие болды. Бұл Түркістан жоғары медицина колледжінің ұжымы мен студенттеріне берілген жоғары баға деп есептейміз.

Жыл сайын жаңғырып жаңарып жүретін студенттік үкімет ұйымы қазіргі таңда оқу үдерісіне байланысты екі ауысымдық үлгіде қайта жасақталып, қарқынды жұмыс жасап келеді. Киелі шаңырақтағы барлық мерекелік іс-шара студенттік үкімет ұйымының ұйытқы болуымен атқарылады. Студенттердің түрлі бастамаларын қолдап жүзеге асыруда аталмыш үкімет алдына жан салмайды. Қаламызда тұңғыш рет студенттер күнін қала көлемінде атап өтуді ұсынып және соны жүзеге асырды. Одан бөлек колледж студенттеріне Елбасымыздың жолдауын насихаттаудан бастап, Алаштың алыптарын жастарға үлгі етуді өздерінің негізгі борышы санайды.

Ұлттық рух пен мемлекетшіл сананы бойына сіңірген ұйым мүшелері жыл сайын 17 қараша халықаралық студенттер күніне орай «MEDICAL LIFE» атты студенттер апталығын ұйымдастыруда. Биылғы апталықта студенттердің өзін өзі басқаруы үшін колледжде аптаның алғашқы күнін «Студенттік басқару» деп жариялап, сол күнгі сабақтың өту барысын студенттер өз бақылауына алады. Ал аптаның екінші күні білімге басымдық беріліп, «Топ жарған табысты жастар» атты білгірлер сайысы ұйымдастырылады. Аптаның үшінші күнінде «Рухы биік жастар – рухани астана тірегі» атты студент жастарға арналған қалалық деңгейдегі дөңгелек үстел ұйымдастырылады. Төртінші күні «Жігіт сұлтаны-2018» байқауы ұйымдастырылып, жігіттің төресін таңдайды. Ал жұма күні «Жайдарманшылар» жайдары әзілдерімен жұрттың назарын өздеріне аударып, көпшілікке күлкі сыйлайды. Сенбі күні колледжімізден қанат қағып қияға ұшқан түлектермен кездесу кеші ұйымдастырылып, одан әрі белсенді жастарды марапаттауға ұласады.

Студенттік үкімет құрамында шығармашыл жастарға арналған «Поэзия жастары» клубы өз жұмысын жемісті жасап келеді. Клуб қазіргі таңда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген құндылықтарды жастарға насихаттауды басымдық етіп алған. Алаш арыстарынан бастап, қазақ поэзиясының көрнекті өкілдеріне арналған шығармашылық кештерді ұйымдастырады. Ал колледж студенттерін шешендік өнерге баулып, өз ойларын еркін жеткізе алу мақсатында құрылған «Ақиқат пен аңыз» дебат клубының колледжде алар орны ерекше. Клуб мүшелері колледж ішінде турнирлер ұйымдастырумен қатар, дебаттан өтетін жарыстарға жиі барып тұрады. 2018 жылдың өзінде Алматы, Тараз, Шымкент қалаларында өткен турнирлерге қатысып, колледжіміздің намысын қорғап қайтты.

Бұдан бөлек колледж студенттерінің тәрбиесін нығайтып, оны жан жақты жетілдіру мақсатында «Қыздар кеңесі» мен «Азамат» клубы құрылған. Соның ішінде «Қыздар кеңесі» бойжеткендерге салт-дәстүр мен қызға тән мінез құлықты насихаттауға басымдық бере отырып жұмыс атқарып келеді. Ал «Азамат» клубы жігіттерден құралған ерікті клуб. Бұл клубтың атауы айтып тұрғандай, клуб мүшелері колледждің ішінде жігіттерге тән мәселелерді өзара шиеленіссіз шешу жолдарын қарастырады. Сонымен қатар бүгінгі бейбіт күннің бағасын білу және үлкендерге сыйластықпен қарауды үйрету мақсатында жыл бойы студенттік үкімет мүшелерінің атсалысуымен қаламыздағы Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, олардың тұрғылықты үйлерін жөндеп, аулаларын тазалау жұмыстары жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі - қоғамға пайдалы, үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз айтып кеткендей, жастар алған білімін ақылмен, өнегемен, тән мен жан сұлулығымен, парасаттылықпен ұштастырса нұр үстіне нұр. Колледжде білім алып жүрген жастар мен жасөспірімдер бос уақытын тиімді пайдаланып, өздеріне қажетті мағлұматтар алумен қатар тәрбиелік мәні бар іс-шаралардың куәсі болуда және өздері де қызығушылық танытып, іс-шараның мәнді өтуіне атсалысуда. Бұл білім ордамыздағы жастардың білімге деген, қоғамдық іс-шараларға деген белсенділігін арттырары сөзсіз.

А. **МИРЗАХМЕДОВА**
Түркістан жоғары медицина колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

ЖАТАҚХАНА – ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ҚОНЫС МЕКЕНІҢ





Елбасы Н.Ә.Назарбаев жариялаған әлеуметтік бастамалар аясында айтылған студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету туралы тапсырмасы жастарды бір қуантып тастады. Жатақхана тапшылығын 2022 жылға дейін жоюды тапсырған болатын. Осы орайда Түркістан жоғары медицина колледжінде студенттер үшін жаңа жатақхананың құрылысы басталғалы отыр. Алдағы уақытты Түркістан жоғары медицина колледжі студенттері толығымен жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Жатақханада орналасқан студенттердің бос уақытын ұйымдастырудың орны ерекше. Жатақхана екінші үйім деген сезім қалыптастыру – студенттің бойында колледжге деген патриоттық сезімінің қалыптасуы. Бұл ауқымды жұмыстың іске асуына студенттерге жатақханада барлық жағдай жасалғаны өзінің оң ықпалын тигізуде. Сонымен қатар мәдени іс-шаралар, тәрбиелік жұмыстар жоспар бойынша өткізіліп тұрады.

Жатақхана меңгерушісінің басты мақсаты – жас ұрпақтың денсаулығына барынша көңіл бөлу, білімгерлерді салауатты өмір сүруге баулу, бойларына көптеген адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, сондай-ақ олардың тәртібі мен білімін қадағалау. Жатақхана ұжымының атынан жастар ұйымының төрайымы, жастар ұйымының маманы, музыкалық жетекші Студенттер үкіметімен бірлесіп жатақханада бірнеше кештер өткізіп, жатақхана тұрғындарының белсенділігін арттырып, оқуға деген құштарлығын көтеруге ерекше үлес қосуда.

Колледж фельдшері жатақхана тұрғындарының бойына салауатты өмір салтын қалыптастырып, жастардың денсаулығын бақылап, науқастанған білімгерлерге медициналық көмек көрсетеді.

Күнделікті тұрғындарды туылған күндерімен құттықтап, радио желісі арқылы сазды сәлем жолданып тұрады. Бұл әдіс үйінен алыс жүрген жастардың сағынышын басып, жатақхана өз үйім, екінші отбасым деген сезім тудырады. Әр айдың соңында үлгілі қабат, үлгілі бөлмелерді марапаттау дәстүрге айналған. Бұл шара тұрғындарды тәртіпке, жауапкершілікке, тазалыққа баулиды. Жатақханада жыл бойы төтенше жағдайлар, ұрлық, төбелес және т.б. тәртіп бұзушылық болмағанын ұжымның жұмысының нәтижесі, жетістігі деп санауға болады.

Г. АБДИЕВА
Түркістан жоғары медицина колледжінің жатақхана меңгерушісі



БЕЙІМДЕЛУ – ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ ӨСУІ

Әлеуметтік педагогика - әлеуметтік бейімделу мәселесін зерттейді – адамның белсенді түрде әлеуметтік ортаға (өмірлік орта) бейімделуіне байланысты өзін анықтауға, және қоғамда қабылданған мақсаттар, құндылықтар, қалыптар мен іс-қимылдар стиліне табиғи араласуы. Жаңадан оқуға қабылданған студенттерін мамандыққа, оқу процесіне бейімдеу өте маңызды. Латын тілінен аударғанда «бейімделу» - икемделу, үйлесу деген мағынаны береді. Адамның бейімделуінің төрт түрін көрсетуге болады: психологиялық, физиологиялық, биологиялық, әлеуметтік. Дәрігер – жүрек, бауыр, бүйрек т.б ішкі ағзалар жұмысы арқылы физиологиялық бейімделуді бақылайды. Педагог - психолог – білім алып жатқан студенттердің қарым-қатынас орната алуын, яғни психикалық бейімделуін зерттейді. Адаптация (Бейімделу) бұл – адамның қоршаған ортаға үйренуі сияқты оның өмір сүруі, тіршілік әрекетінің түйінді үйлесу кезін көрсетеді. Ал Дезадаптация болса, ішкі жайсыздықтың сезілуі, қарбаластық, үрей сезімі, өзін - өзі бағалау сезімінің төмендеуі. Осының барлығы адамның қоршаған орта мен қарым-қатынасын кері әсері етіп, психологиялық денсаулықтың бұзылуына әкеп соғады. Ең маңыздысы баланың әлеуметтік бейімделуі – жеке басындағы үдерістері мен баланың мүмкіндіктеріне орай айналасымен, өзгерген орта, жаңа өмірлік жағдай, белгілі әлеуметтік-психологиялық ортадағы қарым- қатынас құрылымына орай өзгеруі, ортада қабылданған қалыптар мен ережелерге сәйкес бола білуі. Адамның жеке басына тән ерекшеліктері – бұл оның тек өзіне ғана тән тұлғалық сапасы және кез келген жағдаятқа бейімделе алуы.

Бейімделу тәжірибесі – жеке тұлғалық сапаның қалыптасуына ықпал етіп, жаңа жағдайға тез бейімделуіне көмектеседі. Адамның өзіндік ерекшелігі кез келген жағдаятқа сәйкес жинақталған бейімделу тәжірибесіне және соған ұқсас жағдаяттардағы іс-әрекеттеріне байланысты болады. Тәжірибе орта жағдайына бейімделу уақытын қысқартады. Бұл фактының тәжірибенің бейімделу мүмкіндіктерінің табиғи қалыптасуын түсінуге тигізетін маңызы зор. Үй жағдайында тәрбиеленген мектеп жасына дейінгі баланың бақшадағы балалар тобына және мектептегі сыныпқа бейімделуі қиын болады. Көңіл түсу – бұл іштей бейімделуге көңілдің аууы. Ол адамның көңіліне әсер етеді. Тіпті тәжірибесі болса да өзін көрсетуге, өзін жүзеге асыруға көңілі түспесе, бейімделу іске аспауы мүмкін. Сонымен бірге адамның қызығуына түрткі жасау, тілек, ұмтылыс білдіруі арқылы өзін көрсету үдерісінің қалыптасуы байқалады.

Күй, хал-жай – іштей өзін көрсетуге дайындығын анықтайды. Ол көңіл түсуге жағымды немесе жағымсыз әсер етеді. Күй, хал-жай ішкі фактормен анықталады (мысалы, денсаулық, көңіл түсуі жағымды немесе жағымсыз, қорқыныш және т.б.) және сыртқы (жаңалығы, ортаның қабылдауы немесе қабылдамауы және т.б.). Күй, хал-жай бейімделу барысында орта жағдайы мен өзін іске асыруына байланысты оң немесе теріс жаққа өзгеруі мүмкін. Өзіндік белсенділік – бұл факторды бейімделу барысында адамның өзі анықтайды. Осыған көп нәрсе байланысты. Ол қиындықтарды жеңуге көмектеседі және ортаға бейімделудің немесе бейімделмеудің көп факторларына тәуелсіз.

Функционалдық адаптация - қызметке бейімделу деген түсінік қолданылады. Ол адамның белгілі іс-әрекетті, кәсіби міндетін атқару барысындағы үдеріске бейімділігін және оған адамның бейімделу нәтижесін сипаттайды. Ол кез келген қызметке араласатын адамға тән. Функционалдық адаптацияға қажетті уақыт адам қызметіндегі үзіліске байланысты. Неғұрлым қызметте үзіліс ұзақ болса, оның қызметке бейімделуіне соғұрлым уақыт та қажет болады.Функционалдық адаптация сол қызметке сәйкес маманның тәжірибесіне, уақыт үзілісінің ұзақтығына, мысалы, қызмет етуге дайын болуына, көңіл-күйіне және өзіндік белсенділігіне де байланысты.

Бейімделу әсіресе I-II курс студенттерінің мәселесі. Студенттерге ең керекті сәтті жағдай, сабақтағы және колледждегі ереже болып табылады. Оқудың бірінші жылдарында I-II курс студентінің студенттік ұжымға сіңісуі, жаңа ортаға үйренуіне тәрбиеленеді. Осыған байланысты біз әр жылдың басынан бастап I-II курс студенттеріне психологиялық бейімделу деңгейін білу мақсатында сауалнама мен колледжге келгендегі көңіл-күйлері қандай екенін байқау үшін «Сезім және эмоция» атты тренингтер өткіземіз. Бейімделу үрдісінде жаңадан келген студенттерінің колледжде оқуда келесі қиындықтары көрінеді: Мектеп ұжымынан кетуіне байланысты қайғыру, таңдаған мамандығына жеткіліксіз дайындық негіздері, психологиялық өзін-өзі реттеуді жүзеге асыруды білмеу (өзіндік жұмысының жоқтығы; дәрістермен, түпдеректермен, катологтармен, сөздіктермен жұмыс). Беделді колледж оқытушыларының және курстастарының алдына шығып сөйлеу қорқынышы. Басқа қаладан келген студенттердің әлеуметтік-экономикалық келесі мәселесі: өзін-өзі жатар орынмен және қаражатпен қамтамасыз ету, қаланы жақсы білмеу, ата-анасының және туыстар тарапынан жылы сөздің жоқтығы. Ең басты көрсеткіштер: колледжге деген көзқарасы, бір бірімен қарым-қатынасы, өзін қабылдауы. Мұнда студенттер үшін психологиялық жеке кеңес беру, психологиялық түзету мен дамыту және ағарту жұмыстары жүргізіледі. Студенттерге психологиялық көмек көрсетіледі. Осы берілген кеңестерді орындау барысында студенттер колледжге сәтті бейімделуге, белсенділікке, қоршаған ортаға дұрыс үйлесуге үйренеді деп сенім артамын.

Э. ДАНЫШБАЕВА
колледж психологы, психология негіздері және коммуникативті дағдылар пәнінің оқытушысы, педагогика және психология ғылымдарының магистрі

ТҮЛЕКТЕР ЛЕБІЗІ

Салтанат ЕШМАҒАНБЕТОВА
2003 жылғы түлек, Түркістан қалалық орталық аурухасы, «Терапия» бөлімінің меңгерушісі:

«Мен Түркістан жоғары медицина колледжін үздік дипломмен бітіріп, өз білімімді жалғастырып жоғары оқу орнына түстім. Бүгінгі таңда Түркістан қалалық орталық ауруханаңың терапия бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарудамын. Менің бұл жетістікке жетуіме өзім білім алған, менің медицина саласы бойынша іргетасымды қалаған Түркістан жоғары медицина колледжі деп есептеймін. Колледж маған үлкен тірек болды, базалық білімімнің жетілуіне және кәсіби дамуыма көп көмектесті. Колледждің оқытушылар құрамы мен үшін ең жақын адамдар болып кетті. Менің көпшілікпен етене араласуыма, өз ойымды ашық айта алатын қабілетімнің дамуына, басқаларды тыңдай білуге және іс-шараларға белсенді қатысуыма ықпал еткен бірден бір себепкер – ұстаздарым деп есептеймін. Сондықтан да колледжде өткен мәнді күндерім мен болашағыма тигізген зор пайдасы үшін сүйікті колледжіме алғысым шексіз».

Медет МАРХАШЕВ
2003 жылғы түлек, Түркістан қалалық медициналық жедел жәрдем станциясының бөлім меңгерушісі:

«Мен Түркістан жоғары медицина колледжінің «Емдеу ісі» бөлімінде оқыдым. Қазіргі таңда Түркістан қалалық жедел жәрдем стансасы №1 бекеттің бөлім меңгерушісі, Түркістан облысының жедел жәрдем бойынша штаттан тыс бас маманы қызметін атқарамын. Жеткен жетістіктерім мен шыққан биіктерімді білім алған ұстаздарымның арқасында деп білемін. Елімізді әлемдік өркениет төріне шығаратын бірден бір дара жол – білім жүйесі. Сондықтан Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бастар жол» атты бағдарламалық мақаласында бүгінгі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті маман даярлау мәселесі барынша нақтыланған. Бұл бағытта бағдарламалық жұмыстар жарты ғасырдан астам тарихы бар Түркістан жоғары медицина колледжінде қарқынды іске асырылуда деп есептеймін. Себебі өзім білім алған шақтарда ұстаздардың біздің болашағымыз үшін алаңдап, барынша жан-жақты білім беруге атсалысқандарының куәсімін. Осындай іргелі оқу орнынан әр жылы көптеген мамандар түлеп шығып, барлығы түкпірдегі ауылдардан бастап, шалғай аудандар мен Астана, Алматы сынды ірі қалаларда халықтың денсаулығын жақсартуға үлестерін қосуда. Тіпті кейбірі шетелдерде де жемісті қызмет етіп жатқандарын естіп, ерекше қуанышқа бөленемін. Өйткені бұл өзімнің жастық шағым, студенттік жылдарым өткен киелі шаңырақтың берген жылуы мен шуағының нәтижесі деп есептеймін».

А. ХУДИЯРОВА
2003 жылғы түлек. Түркістан Жоғары Медицина Колледжінің II санатты оқытушысы:

«Фармация мамандығында білім алып, дәрілердің қыр-сырына осы жерде толық қанықтым. Колледждегі ұшқыр ойлы, озық білімді, ұлағатты ұстаздардың білімімен сусындадым. Фармация мамандығының арнайы пәндерінен А.Х.Юсупов, Н.С.Абдраманова, М.М.Ерманкулова, Р.М.Исакова, Қ.Қозыбаевадан дәріс алып, өзіме үлгі тұтып өстім, олардың шәкірті болғаныма қуанамын. 50 жылдық тарихы бар оқу ордасынан алған білімім, қазіргі өміріме азық болып, өзім оқыған колледжде ұстаздық қызмет етіп, дәріхана ашып, теорияны тәжірибемен ұштастырып жүрмін».

Қ. ЕРАЛЫ
2009 жылғы түлек. Дәріхана меңгерушісі

«Мен Түркістан медицина колледжінде фармация мамандығында білім алып, білімімді одан әрі жоғары оқу орнында жалғастырдым. Өз мамандығымның яғни фармация саласының ауырлығын, оның жауапкершілігін біле отырып, осы саланы таңдадым. Армандаған дәріханамды ашып, қазір сонда басшылық жасаймын. Қазіргі таңда білім алушыларға өте жақсы жағдай жасалынған. Колледж заман талаптарына сай жаңа технологиялық – материалдық техникалық базамен қамтамасыз етілген. Маған сабақ берген колледж ұстаздарына алғысым шексіз. Мен Түркістан жоғары медицина колледжінде білім алғанымды мақтан етемін».

Талғат ИБРАЕВ:
1983 жылы «Емдеу ісі» мамандығын бітірген, Ақтөбе мемлекеттік медициналық институтында оқыған, акушер-гинеколог, Түркістан қаласы «Талғат клиникасы» мекемесінің президенті, «Денсаулық сақтау үздігі», қалалық маслихат депутаты:

«Мен кезінде білім алып шыққан білім ордам бүгінде заманауи талапқа сай бой түзеп, ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті біліи беру стандарты-на сай білікті мамандар даярлауда. Оқу кабинеттері жаңаша жабдықталып, оқытудың материалдық-техникалық базасы күнен-күнге нығайтылуда. Студенттердің білім сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мақсатында студентер мен оқытушыларға жоғары талап қойылған. Осы колледждің түлегі екенімді мақтан тұтамын. Алған білімдерімнің арқасында көп жылдар бойы қызмет етіп соның жемісін көріп жүрмін».

Тасполат МАТИБАЕВ
1981 жылы «Емдеу ісі» мамандығын бітірген, Самарканд мемлекеттік медициналық университетінде оқыған, хирург, медицина ғылымының докторы. Өзбекістан Республикасы, Ташкент қаласы, «Сихотгох» санаторий-профилакторийның бас дәрігері, қалалық маслихат депутаты:

«Өткен өміріме көз жүгіртіп қарасам жас және қызықты кездерім колледже оқыған жылдары өтті. Оңтүстік өңірі ежелден білім, ғылымның орталығы болып небір ғұлама ғалымдар дүниеге келіп, өңірімізді әлемге паш еткенін мақтана айта аламыз».

КОУЧЕР ДЕГЕН КІМ?



Әр адамның бойында бір данагөй, бір ақымақ өмір сүреді. Біреу шайтаныңды түртсе - шап бересің, бажылдайсың, ырылдасасың. Негізі ұрысқың келмеген, бірақ ұйықтап жатқан іштегі әбжыланның аяғын басып кеткен соң мазасыз күйге түсесің. Өзіңді ырықтай алмай қаласың. Тағы біреу келіп періштеңді оятады. Ұрысып тұрған жеріңнен момақансып, жуаси қаласың. Сол сияқты біреумен күлген жақсы. Біреумен жылаған ыңғайлы. Біреуге бар сырыңды айтасың. Ал ет жақыныңа мықты боп көрінгің келеді. Қалай болғанда да адамның күні адаммен. Адам адамнан үйренеді. Адам адамнан жиренеді. Басыңнан өткергеннің бәрі өзіңе сабақ. Біреу бойындағы білгенін кәдеге жаратады. Біреу жинап алып тарата алмай қор болады. Неге қор болады? Себебі, білгеніңнің бәрін тарата алмасаң, өзіңнің рухани құмыраң толып тұра береді. Ары қарай ізденбейсің. Ал өмір үздіксіз ізденісте жүретін адамға ғана құпиясын ашады. Сондықтан, мен таң қалатын дүние қалған жоқ дейтіндер баршылық. Ал кей адам үнемі таң қалып отырады. Себебі, құмырасын уақтылы босатып, уақтылы толтырып, ғаламның тепе-теңдік заңдылығына сай өмір сүреді. Бұл көбіне коучерлерге тән құбылыс. Маған қазіргі таңда осы жолды ұстана бастаған коуч қыздар ұнайды. Айнұр Асанберді, Жанар Байсемізова, Кәмшат Бекжігітова, Құралай ханым, бұлар бос тұрған «нишаны» толтырып бастаған алғашқы қарлығаштар. Оларға дейін көпшілік орыстілді коучерлерге баратын. Правдинаны ғана оқып, соның ақылына жүгінетін. Қазақ коучерлері бұған дейін тек Мэри Кейдің лидерлері айтатын әйелді тану сабақтарын, бояну сабақтарын әлдеқайда кең форматта жүргізіп әкетті. Сонысымен танылды, қоғамға керек бола білді. Коучингке келген қыздардың істері мен үшін – ерлікке пара-пар. Тыңнан түрен салушылар. Олар күнделікті білімін сарқып беріп, таратып жүргендер. Өз балашағасынан артылғанды таратып беру – оңай емес. Жолын табу, ебін табу – шын мойындағанға, адамның бәрінің қолынан келе бермейтін дүние. Ал нені білетіні, нені айтатыны өз алдына бөлек әңгіме. Эзотерика, Симорон, ведалар, йога – бұның бәрі техника. Әркім қалағанын алады. Әркім жанына жақын тақырыпқа тереңдей береді. Эзотериктер үшін әр түс ғажап құбылыс. Жасыл байлық, алқызыл (розовый) – махаббат, қызыл – құмарлық, күлгін (фиолетовый) – жалғыздық, сары – уайым, ауру

тартатынын білетін адам біледі, білмейтін адам – мән бермейді. Қазақтарда эзотериктер болмаған дегенге өз басым онша сенбеймін. Бәлкім, болған. Қазіргі таңда біз тереңдемейтін тақырып. Ал Правдинаның еңбектерінде соның бәрі техника ретінде беріледі. Луйза Хейдің аффирмациясы ше? Оған дейін қаншама ғалым психолог жазған сол аффирмацияны, Луйза Хей солардан үйренді. Өз өмірін дұрыс жолға бағыттады. Өзін бейдауа дерттен жазып алды. Сондықтан оның өмірлік тәжірибесі көпке үлгі. Әркім өз өмірі үшін жауапкершілік ала білсе, ғаламның кішкентай құпияларын меңгерсе, несі жаман? Синельников ше? Оған дейін де ауруды ой туғызатынын талай психолог ғалым дәлелдеген. Бірақ ол зерттеулерімен ашық бөлісті. Адам сенетіндей уәж келтірді. Өмірдің көркі сенім екенін көрсетті. Адам неге сенсе, сонысымен ерекше. Әр адамның ерекше болуға қақысы бар. Адамның сенімі ерекше құрал екенін мұқият көрсетті. Әр түрлі техниканы пайдалана отырып адам өзінің қалауын тартқысы келеді. Шындап келгенде барлық техника тек бейсанаға әсер етуімен нәтижеге жеткізеді. Біреу намаз оқиды, дұға деген де техника, адам жаны дұғаға зәру болады. Медитация – ол да техника. Оның да сан алуан түрі бар. Өзіңді тануға, өзіңнің мақсатыңды тануға көмектесетін әр дүние – сен үшін ғана маңызды. Сондықтан тегін ақыл еш жерде жоқ. Ғаламда тегін дүние атымен жоқ. Бақыт үшін де ақысын төлейміз. Төзіміңмен, сезіміңмен. Төлейсің. Қандай бақытқа лайық екеніңді де өзің өлшеп, пішесің. Тек рұқсат ет. Бүгін есеңді жеген адам ертең соның зардабын шегеді. Сен біреуді балағаттасаң, ертең өзіңе қайтады. Ғаламдық тепе-теңдікті адам пиғылы бұза алмайды. Адам тек өзін-өзі бұза алады. Сен есептемегенді Ғалам есептейді. Сондықтан адамға кешірімді болу – ең тиімді жол. Мұның бәрі әр діннің негізінде, өзегінде де бар. Сондықтан бір дін екіншісінен артық деудің де мәнісі жоқ. Ең бастысы сеніміңді оятса болғаны. Ол баспалдақ қана. Ал биікке бастайтын баспалдақ мың, он мың, жүз мың, миллион болуы мүмкін. Адам оны санай алмас. Тек жүріп өткенде, кассаға жеткенде есебін береді. Өмір сонысымен мәнді. Ешкім ештеңені ұмыта алмайды. Естілердің ары онсызда маза бермес, ал есерлерге Құдайдың амалы бары ақиқат. Біреуге баға беруден аулақ болудың бірден бір жөні түзу себебі осы. Пинтосевичтің де кітабында анау дейтін сенсация жоқ. Оған дейін талай коуч айтқанды айтады. Ал кей адам үшін ол ғажап құнды. Қай коучтың да мақсаты сенің мақсатыңды табуға көмектесу. Сен үшін өмір сүру емес. Сенің өміріңнің мәнін табуға септесу. Себебі, коучқа не өзін таппаған, не мақсатын айқындай алмаған адам барады. Ақылдың сатулы болғаны да қалыпты. Тегін ақыл бәрібір қонбайды. Ал сатулы ақылдың кем дегенде он ережесінің бірі сендік болмысқа сай боп қалады. Ақылдың бәрі сендік өлшемге сай бола бермейді. Бала күнде оқыған, бірақ түсінбеген кітап секілді. Кейін оқысаң, неткен тереңдік деп таң қаласың. Бүгін сай келмеген дүниеге ертең қайтып ораласың.

Бос нишаға келейінші. Енелер, бәйбішелер институты құрыды демейақ қояйыншы, ел ішінде бар ғой. Бірақ миллиондаған қыз-келіншекке аздық етеді. Оның үстіне заман бөлек. Санаға модернизация қатты жүріп жатыр. Сол адасқақ әлемде әйел өз болмысын тануға, еркектің болмысын сыйлауға үйренуі керек. Мұны отбасыдан ала алмаған жандар, өздері ізденеді. Ізденгеннен жамандық көрмейді. Өтірік бақытқа алданғаннан, шынайысын жасау өз қолында екенін түсінеді. Кей қателікпен өмірін өткізген аналардың, әпкелердің ақылы келесі ұрпаққа жетіңкіремейді. Қажет те емес. Қыздар көп қателеседі. Көп ажырасады. Мұны ешкім жоққа шығармас. Сондықтан жастарға өзін-өзі тану білімі керек. Мұны мектептегі пән ашып оқытпайды. Тұрмысқа шығатын қыздар осындай коучтарға барып, қажетін алса, сауап болар еді. Бірақ бармас бұрын қандай методика, қандай техникамен жұмыс істейтінін сұрай жүрсе. Интернеттен алдын ала нені еститінін біліп алса, керек-керек емесін ажыратуға көмекші болады. Ешкім бір тренингке қатысып Жанар Байсемізова бола салмайды. Жанардың жүріп өткен жолы өздігінше ерекше қайталанбас жол. Дәл соның қатесін, дәл соның жетістігін ешкім қайталай алмайды. Асып түсуі, не кем қалуы мүмкін. Әр адамның жолы ерекше қайталанбас асу. Сондықтан әр адам өзінікін жүріп өтеді. Жанарлар тек жол сілтейтін карта. Немесе картаны табуға көмектесетін нұсқаулық. Ол сенің өміріңді өзгертіп бермейді. Ол сана мен бейсананың байланысын көрсететін құрал бар екенін танытады. Біреуге Симорон, біреуге йога, біреуге намаз. Баяғыда студент күнімде әпкемнің көршісі бір қыздан кейін балалы бола алмай жүретін.

Сол апай дін кеп жатқан алғашқы жылдар - 1998 жылы намазға жығылып, хиджап киді. Үш жылдан соң ұл тапты. Сосын тағы, сосын тағы. Үш ұлды қатарынан тапқан соң орамалын шешіп тастап, еркін өмір сүріп кетті. Таң қалғанбыз. Ауылдан келген иілмес тас санамен қабылдау қиын еді. Кейде сол ауылдан келген қалпымнан ажырағаныма қуанамын. Өзгенің өмірін мінегіштік басым түсіп жататын. Кесірлі, энергия жейтін мінез ол. Негізі намаз жақсы диалог құруға септессе керек. Қалағанын сұрады, қалағанын алды. Ары қарай балаға ыңғайлы қоғамда ыңғайлы өмір сүруді таңдады. Бәлкім... Бәлкім себебі басқа. Айтайын дегенім, көп адам эзотериканы сол күйінше түсіне салмайды. Әркімнің деңгейі әр түрлі. Күлетін де, жылайтын да нәрсе емес. Бірін үйренген, танығаң соң болмысыңа сай келетін-келмейтінін өзің ғана таңдайсың. Мұндайда қоғамдық пікірге құлақ асу керек емес. Жүректі тыңдау керек. Сендік мақсат күйеумен тіл табысу ма, енеңнің тілін табу ма, бәлкім, сен бұрын өзгерте алмаған дүниенің басқа шешімі бар болар. Негізі сол проблеманың екі шешімі емес, он шешімі болуы да ықтимал. Нұсқау беретін коуч саған ыңғайлы жолды, саған ыңғайлы амалды көрсетуші ғана. Бірақ сенің өмірің үшін, таңдауың үшін, шешімің үшін - тек сен жауаптысың. Бұны түсіну психологиядан хабары бар адамның бәріне оңай. Жанарлардың жолын өз бетімен жүріп өтіп қоятын «кітапхана адамдар» бар. Олар бәрін біледі. Бірақ олар ешқашан оны саған айтып түсіндірмейді. Кезі келгенде білерсің дейді де қояды. Ал ақыл сұрайтын қыздар көп. Түс қана емес, эзотерикадағы әр иіс, әр амандасудың өзінің құпиясы болады. Игерген адам түсінер. Түсінбегендер мұрнын шүйірмей-ақ қойсын. Ол бәрібір түсінбеген адамға маңызды емес.

Коучинг сұраныс бар жерде ғана болады. Бұл толқын да басылады. Төрт құбыласын түгендеу өз қолында екенін үйренген анадан соны түбегейлі сіңіріп шығатын қыздар туады. Толқынды толқын қуады. Бірақ өмірді негативсіз өткізу – негативті сол адамға қалдыра білу маңызды – коучтер үшін тіптен маңызды болу керек. Ақталу, дауласу – энергияны жейтін қасиет. Энергияны сақтау керек. Әсіресе, жақсылыққа жұмсалуға тиіс энергияны – босқа шашпауды үйрену маңызды. Жалпы адам өзіне керегі не екенін түсініп, коучтерді іріктеп жүріп керегін алуды үйренеді. Шамасы жеткендер коучсыз дами береді. Адамдар әр түрлі. Сондықтан коучтарға сәттілік! Болуға тиіс дүние. Тек тренингтер әр сабақ сайын бір тараумен толығып отырса. Креативті бір техника қосылып отырса, нұр үстіне нұр. Коучерге де ізденіс, тыңдарманға да жаңалық. Сынау оңай. Жасау қиын. Қиынға бет түзеген адамдарға құрметім шексіз. Ал сен қанша тағдырға әсер еттің деген сұрақ көкейде жүргені абзал. Саған қызық болмаса, бұл басқаларға қызық емес деген сөзді білдірмейді.

«Молданың айтқанын істе, жасағанын жасама» дейтін сөз бар. Молданың айтқаны Құранның сөзі, істегені өзінің пендешілігі. Жұрттың пендешілігі саған үлгі болмасын. Адамның бойынан жақсысын теріп үйрену де өз таңдауынан туады. Өзің үшін пайдалы. Сондықтан естіген сөзден көңілге түйетінін ізде. Сен тренингке келсең, ол жан қалауы, ол бейсананың сұранысы болғаны. Сен естуге тиіс біраз сөз естисің. Содан нәтиже шығару өз еркіңде.

Шынар ӘБІЛДА
Алматы қаласы



Эмиль Золя

Көріксіз қыздың көз жасы...



I

Парижде сатылмайтын нәрсе жоқ: көлгірсіген өтірік те, шымылдық бүркенген шындық та, күлкі мен көз жасы да... Жезөкшелер екібастан. Енді оған он екіден бір гүлі ашылмаған қыздар қосылды.

Достығы сақал сипағанша ғана созылатын сауда патшалығында сұлулықтың ең қымбат тауар екенін білмедім дей көрмеңізші. Олай болса құралай көз, қиғаш қас, оймақ ауыз, аршын төс дейсіз бе, қысқасы, әйел тәніне әр берер әрбір деталь, тіпті жымиғанда беттің ұшында білінер-білінбес белгі беретін ойық та – қып-қызыл ақша. Әрине, ақша жүрген жерден «әзәзіл» қалсын ба, қара базарға келгендердің ар жақ, бер жағына шығып, ақыры талай қыз-келіншекті ботадай боздатады ол. Көз жасының мәні: қолдан жасатқан қасы мен жалған шашының ойдағыдай шықпағаннан ғой, бірақ Жаратқан ием берген болмысын жасандылыққа айырбастауға бел буғандардың өзіне де обал жоқ.

Мақұл, мұның бәрі өркениетке ұмтылған жұртқа тән құбылыс бола қойсын. Сұлулық – о баста пенде жерге түскелі бері көз құрты, сауданың басты көзірі. Десек те дәл Дюрандо қарттың кәсібі тіпті сұңғылалардың сұңғыласының да үш ұйықтаса түсіне кірмеген болар, сірә. Ол құбыжық бейне «сатуды» қолға алған. Иә, иә, кәдімгідей Құдай көрік бермеген бейбақтардың ажарсыздығынан ақша сарауға болатыны жайлы ой алғаш басқаның емес, оның ғана «данышпан» басына қайдан сап ете қалды екен?..

Әйтеуір, бүгінде Париж көшелерінде екі-екеуден қолтықтаса қыдырыстап жүрген құрбылар көбейді. Байқамау мүмкін емес, өйткені олар өздерін оқшау ұстайды, ал жүрістері бейне көл бетінде сырғып бара жатқан аққуларды елестететіндей. Жастары шамалас, әрі бірдей киініп алатын сылқымдардың әйтеуір бір «жұмбағы» барын аңғарасыз. Алайда, ол не?.. Аздап шыдаңыз, сіз бәрін де түсінесіз.

Пенде баласының өзі аңғара

бермейтін бір әдеті бар, ол – міндетті түрде алдымен әдемілікті көру. Қолтықтасқан екеудің бірі сондай сүйкімділігімен көз тартады. Алайда бар құпия – оның қасына ерткен құрбысында еді. Әуелі әдемісіне көз салған жігіттер, еріксіз екіншісіне қарай береді де, кенет оның жүзінен шошынғаны соншалық, жалма-жан қайтадан құрбысына қарайды. Ал ол жымың ете қалса болғаны, батырың жем шоқыған көгершіндей біраздан соң сылқ-сылқ күле кетіп бара жатқан қос құрбының ізінен еріп жүре береді. Осылайша бір бейбақ «тұзаққа» түсті дей беріңіз. Егер, көріксіз қыз жалғыз болса, ер кіндікті оған тіпті мойын да бұрмас еді, сол сияқты қасындағысына да. Себебі жалғыз жүргенде ол мүлдем сұлу емес. Алайда ажарсыздың қасында кез келген қарапайым түр көріктеніп, тіпті құлпырып кетеді. Дюрандо саудасының бар құпиясы – міне, осында. Яғни, құбыжық қыз – «сұңғыла саудагердің» қызметкері. Шал оның әр сағатына бес франк төлейді. Әрине, анадан ажарсыз боп туғаны үшін емес, әлдебіреудің «бағына» өзін құрбан қылғаны үшін.

II

Дюрандо – кәсіпкер еді, онда да нағыз тісқаққаны. Өзін миллионерлер қатарына іліктірген сұрықсыздар саудасы туралы ой оған қалай келді дейсіз ғой. Бір күні кешкісін таза ауа жұтуға шыққан шал желекжолға жете бергенде, кенет екі қыздың қарсы ұшырасқаны: бірі – сұлу, екіншісі керісінше, жүзінен кісі шошырлықтай. Сол бір ғана сәт біздің саудагерге «баға жетпес байлық» сыйлап кеткен-ді. Сұлулық үшін опа-далапқа өзінің соңғы тиынын қиюға бар әйел затының дәл мына «тауар» үшін барын беретініне Дюрандоның еш күмәні болған жоқ. Ал тауар – ажарсыз құрбы. Қолтықтап көшені бір жүріп өтсе болғаны, кем дегенде бір жігітті қаратпауы мүмкін емес. Кәрі тарлан шалажансарлыққа еш берілмейтін, сондықтан жаңа кәсібіне қайткенде елді бірден елең еткізудің жолдарын асықпай ойланды. Сауданың ұңғыл-шұңғылына дейін санасында әбден пісірмей, істі бастаған жоқ. Өйткені нарықтағы бәсекелестері мұның бір ғана қателігін көрсе, қасқырша талап жеуі әбден мүмкін еді.

III

Дюрандо қарттың қанжығасы бірден майланған жоқ. Алдымен әбден қиналды. Неліктен дейсіз ғой? Кәсіпті бастаудың қисынын келтіре алмады. Қаланың ел көреді-ау деген бұрыштарына іліп кеткен «көріксіз қыздарға жақсы жұмыс ұсынамын, құбыжық бейне болса, тіпті екі есе ақша төлеймін» деген хабарландыруына, о тоба, керісінше әдемі қыздардың ағылып келмесі бар ма?! Бірақ олар қанша жерден «жұмысқа алыңызшы» деп аяғына жығылса да, қазымыр қарт селт етпеді.

Бірақ ол осы тұс өз сәтсіздігінің сырын түсінді. Сөйтсе, Құдай көрік бермеген қыздар «мен ұсқынсызбын» деп, өзге түгілі өзіне мойындамайды екен-ау. Сондықтан да саудагер өз қолымен ілген қағаздарды ерінбей қайтадан алып тастап, агент жалдауға көшті. Олардың міндеті – көше-көше, үй-үйді кезіп, ажарсыз қыз-келіншектер табу. Талғам мен тәсілге бай дегендерден іріктеліп алынған агенттерге жеңіл жүк артылған жоқ. «Тауардың» мінез-құлық, тұрмыс деңгейі бәрі-бәрін есепке алып, олардың жүрегіне барар жолды табу керек. Әйтпесе, кім бірден ұсқынсыздығын сатуға келісе қояр дейсіз?! Өзіңіз елестетіп көріңізші, «Ханым, көріксіз келбетіңіз үшін, сағатына осынша төлеймін» деп тұрған сәтті. Небір шапалақтарды жеп, қандай ауыр сөздер естімеді деңізші, байғұс агент-тер. Бірақ, түбі жағдайдың беті бері қарай бастады. Тамшы да тасты теседі емес пе?..

Әр таңын Дюрандо сұрықсыздарды сұрыптаудан бастайтын. Әуелі сары халатын киіп, креслоға шалқая түскен күйі қолындағы буы бұрқыраған кофесін ұрттап қойып, алдына келгендерді кезегімен қарайды. Қыза-қыза соңында орнынан тұрып кетіп, әр «тауардың» түр-түсі, пішінін, аумағын, салмағына дейін бәрін тәптіштей қарағаны, сырт көзге киім өлшемін алып жатқан тігіншіні елестететін. Құбыжық бейне көңілден шықса шал мәз болып, екі алақанын ысқылайды. Сөйтеді де оны тауып келген агенттің қолын қысқаны былай тұрсын, тіпті ұсқынсыз қызды қалай құшақтап алғанын аңғармай қалатын кездері көп болды. Бірақ көркі келіспесе де, қыз қылмыңдап тұратұғын болса, ондайды шал бірден жарамсыз қылып тастады. Онысы да орынды, себебі түрімен болмаса да, қылығымен еркектің құмарын

қоздыруы әден мүмкін ғой. Ондайда әлгіні тапқан агентке қабағын түкситсе, әйелдің өзіне жай ғана жылы сөзбен шығарып салады. Сұрықсыздықты сұрыптау сұлуды табудан қиын болмаса, оңай шаруа еместігін осы бір қарт саудагерден артық ешкім білмейтін шығар, сірә. Дегенмен, Дюрандо осы тұста өзінің кәнігілігі мен көрегенділігін мойындатты. Адам бойында көпшілік көре бермейтін құштарлық пен сезімнің сиқырына қанықкан ол жеткілікті мөлшерде көріксіз қыздарды таптым-ау деген тұста мынадай мәтінді су жаңа агенттік есігінің маңдайшасына ілді:

IV

«Ажарсыздар агенттігі»
Л.Дюрандо.

Париж, М… көшесі 18. Кеңсе есігі таңғы 10.00-ден түс қайта сағат 16.00-ге дейін ашық.

Мәртебелі ханымдар, мен сіздің сұлу жүзіңізге одан сайын әр беретін су жаңа тәсіл ойлап таптым. Әшекей мен опа-далаптың әр береріне дауымыз жоқ, бірақ біз көрсететін бұл қызметтің жанында олар жіп есе де алмай қалады. Себебі қанша жасырсаңыз да, бояу мен киім-кешек, алқа-сырғаңыз көзге көрініп қалады, ал менің тапқан жаңа тәсілімнің құпиясын ешкім біле алмайды. Табиғат берген ажар-көркіңізге қылдай қиянат келтірмей, үстіңізге бір сабақ жіп те қоспай-ақ, мен сіздің жүзіңізге қараған жігітті сиқырлап алатындай күш беремін.

Сіз байқадыңыз ба, өмірде барлық нәрсе жақсы-жаман, ақ пен қара, байлық пен қайыршылық болып бөлінетінін, сол секілді көріксіз құрбы да сіздің сүйкіміңізді арттыра түсетіні соншалық, тіпті өзіңіз де таң қаласыз. Біз сізге бар болғаны – ажарынан адам шошитын құрбы береміз. Маған сенім артқан сұлу өз шешіміне өкінбейді, келіңіз, көз жеткізіңіз! Қымбатты қыз-келіншектер, сіздердің әрқайсыңыз сүйікті болуға, ер азамат атаулыны естен тандыруға лайықсыздар. Жасанды кірпік, жасанды қас, ұлама шаш, бәрін-бәрін лақтырыңыз да маған келіңіз!

Агенттік сондай-ақ «құдалыққа» баратын «ата-ана», «әпке-жезде», «аға-жеңге» тауып бере алады. Бағалар қолжетімді. Бар болғаны – сағатына бес франк, ал 50 франк төлесеңіз, күні бойы сізге қызмет етуге бармыз.

V

Нәтиже тіпті ойлағаннан да асып түсті. Келесі күні-ақ агенттік ауласы кезек күткен қыз-келіншекке толды. Бірінен бірі өтетін көріксіз құрбыларын көргенде қыздардың қуанғаны сонша, көздері бейне қансонарда жемтігін тапқан бүркіттей шоқ боп жанды. «Мата даңқымен бөз өтер» дегендей, сұрықсыздың қасында сұлу болып көрінетіні оның іштегі әзәзіл дертін қоздырып, меңмендігін асқақтата түсті. Тіпті, ең көріксіз құрбы үшін жиналғандардың бірімен-бірі таласқанын қайтерсіз?.. Әншейінде өзін көппен бірдей санайтын қызымызды Дюрандо қарттың қақпасынан «құрбысын» қолтықтай шыққан кезде көрсеңіз танымас едіңіз. Кеудесіне нан пісердей керденді басып, тіпті мына түрімен туған анасы не әкесі алдынан шықса да көз қиығын салмай өтсе, таң қалмаңыз. Себебі ол өзін әлемдегі ең сұлу ханшайым сезініп бара жатыр. Міне, Дюрандоның данышпандығы, сұңғылалығы да осында еді. Ол әйел атаулының ең осал тұсын тауып, тамырын тап баса алды. Енді оның тасы өрге домалап, саудасы қыза түспесе, маған келіңіз.

Дейтұрғанмен, Дюрандоның шарықтаған көңілін әп-сәтте су сепкендей басатын әйелдер кездеспей қалмады. Күндердің бір күні әйел, әйел емес, әбжылан дерлік долының келгені. Агенттер «тауарды» түгел тізіп қойып, онсызда өз табиғатына өкпелі байғұс қыздардың қисық аяқ, қоңқа мұрын, қыли көз, бұдырайған шеке, жырық еріндерін алға тартса да, әлгі әйел бірде бірін жаратпай қойғаны. Себебі оның өзі алдында тізіліп тұрған «тауардың» қатарынан болатын. Бірақ оны қайдан мойындасын?.. Әттең, сол күні қас қылғандай Дюрандоның өзі болмай қалды, әйтпесе ол бұл әйелдің өзіне бірден «құда түсер» еді…

Жә, әйтеуір, сөйте-сөйте сұраныс ұлғайды, «ажарсыздардың» ешқайсысы жұмыссыз қалған жоқ. Басында кәсіп құрлы ғана көрген бұл ісін Дюрандоның өзі сүйіп қалғаны сонша, тіпті ақырында ол өзін адамзатты бақытқа кенелтуші екенмін деп шат-шадымен күйге түсті. Әйтсе де, ол біреуді бақытқа кенелтем деп, қоластында жұмыс істейтін қыздардың күні бойғы көрген қорлығынан түн баласы көз ілмей, жастықтарын жасқа шылап шығатынын есепке алуды ұмытып кетіп еді. Сөз жоқ,

баяғыдай бейшара халде емес, бүгінде Дюрандо қыздарының әр күні үлде мен бүлдеге оранып, бұрын тек қиялында ғана көретін жерлерді күймемен жүріп аралайтын ақсүйектердің қасында өтеді. Соларға етілген тағзым бұған да бұйыратын болған. Бірақ кешкісін қызметтен үйіне оралған соң жібек көйлек пен әшекейлерін шешіп, айна алдында өз ұсқынымен бетпе-бет тұрған сәттегі байғұс қыздың көңіл-күйін тіпті әлемнің ең қайғылы симфониясы да жеткізе алмайтын шығар… Сірә, алтын балықты уысында ұстап тұрып, бірақ соңында жырық астаумен қалатын қария мен кейуана да тап мұндай құлази қоймаған шығар… Яғни, күні бойғы қызықтың құны – бұлардың көріксіздігі… Құдайдың түрге жарытпағаны аздай, адамдар да оларды аямай аяққа таптап, ашыған жараға тұз себе түсетінін қайтерсің?.. Бір жағынан, Дюрандоны байытып, екінші жағынан күн сайын қаншама қыздың бағын ашатын бұл бейбақтардың өз басын осынша қорлыққа саларлық не жазығы бар еді?!. Бейшара қызды біреу аймалап, сүю былай тұрсын, тым құрыса көз салса етті… Міне, сізге – трагедия!

VI

Қадірлі оқырман, мен әуелде жай ғана Дюрандоның кәсібі жайлы айтпақшы едім, бірақ соңында оқиғаның өзі осылай өрбіп жүре бергені… Егер бір күні мен кәнігі қарт кәсібінің көрігін қыздыра түскен «жемтіктердің» өмірі жайлы бір шығарма жазсам, таң қалмаңыз. Себебі олардың бірі маған келіп, ішкі сырын жайып салған еді… «Әйел жылап алса ажарланып кетеді» деген сөздің растығына сол сәтте мен таң қалдым, тіпті ең көріксіз деген қыздың өзі мұңын шағып жылап отырғанда, дүниедегі ең сұлу жандай көрініп кетті көзіме. Ол өз өмірінде қанша әйелдің «құрбысы» болмаған деңізші, тіпті арасында Париждің ең атақты да ауқатты деген ақсүйектері де болыпты. Солардың небір құқайын көріпті ол.

Әй, әйелдер-ай, әдемі болған жақсы ғой, бірақ күні бойы сол сұлулықты толықтыра түскен тор жаулықты тағып болған соң, дар айырмайсыз ғой? Сол тор жаулық құрлы құны бар еді ғой «құрбыңыздың». Олар болмағанда, сізді кім сұлу деп санар еді?… Бүкір ханзада да бақытты болды емес пе, ертегіде. Сол секілді «мұңлық құрбыңыздың» да бағы ашылуы мүмкін бе еді. Бейшараның бар мұңы да сонда, ол өзі «тұзаққа» түсіріп берген, бірақ қызығын сіз көрген әр жігітке ғашық еді… Сол сәтте ол сізді сұмдық жек көретін, бірақ сонда да бейшара сізге қызмет етуге мәжбүр еді. Өйткені ол көп үшін тек тауар еді, әйтсе де сіз әйелсіз ғой, сондықтан құрбыңыздың зат емес, тірі жан екенін ұмытпауыңыз керек еді…

Бірақ, өктемсіген өркениет мұңлықтардың көз жасын қайтсін, елең де қылмайды. Біреу қасірет шекті екен деп, Адамзат алға жылжуын тоқтатуы керек пе?!. Ол әсте мүмкін емес. Ал Дюрандо қарттың аты тарихта мәңгі қалады. Өйткені ол «атын шығару үшін жер өртеді ғой», бірақ ол өзінің ғана шоғын үрлеп қойған жоқ, бүгінгі мына сіз бен біз көріп жатқан өркениеттің өртін лаулата түскен еді…

Аударған Мәриям ӘБСАТТАР





ҚЫЗ БАЛАНЫ ҚҰРМЕТТЕ

Баяғыда бір жігіттің жалғыз аты болыпты. Бір жаққа шыққанда, қарындасы оның атын қарауылдайды екен. бірде қарындасы аттан көз жазып қалыпты. Ағасы:

- Ат қайда? – деп сұрайды. Қарындасы:

- Көз жазып қалдым, - дейді. Ағасы ашуланып:

- Жоғал, онда, - деп қарындасына қолы тиеді.

Қыз ағасына өкпелеп, басы ауған жаққа кетіп қалады. Жолда келе жатып:

- Бүйткен ағам бар болсын. Онан да тас бауыр құсқа айналып кеткенім жақсы емес пе? – дейді. Содан тілегі қабыл болып, заматта құсқа айналып кеткен екен.

Ертеңіне ағасы қарындасын іздеп шықса, бір жалғыз ағаштың түбінен қарындасының киімдерін көреді. Ағаштың бұтағында бір құс қонып отыр екен. жақын барса, әлгі құс:

- Көк, көк, - деп дыбыстайды екен.

Қарындасы бұрын ағасын «көке» деп атайды екен. Құстың «көк, көк» деп дыбыстағаны «көке» дегені екен. Ағасы қарындасын танып, оны ренжіткеніне қатты өкініпті. Аңыздың айтуынша, ағасы қатты қайғырғаны сонша, самай шашы ағарып кетіпті.

Ал, беймәлім құс содан бастап ел арасында «көкек» атаныпты. Көкектің өз атын өзі шақырады дейтіні «көкесінің» атын атағанына байланысты деседі.

Осыдан бастап ел арасында «қыз баланы ренжітпеу керек, қарындасына қол көтеуге болмайды» деген ырым-тыйым пайда болыпты.

Қарындасты қадірлеу жөнінде тағы бір аңыз былай сөйлейді.

Қорқыт ата қырық жыл өлімнен қашады. Ажалға айла таптырмай ұзақ жасапты. Өлімге себеп болар барлық апаттың алдын алып, аралда қобызын зарлатып отырады екен. оған шәкірттері тостақпен ас әкеліп тұрыпты. Бір күні қарақұрт тостаққа жабысып аралға өтіп кетеді. Қорқыт ауқаттанып отырғанда башпайын шағып алады. Қорқыт қарақұрттың уынан ісініп, дірілдеп, жаналқымға келеді. Соңғы демі үзілер шақта шәкірттеріне:

- Мені кебіндеп жерлегенде сол аяғымның башпайларын көмбей, сыртқа шығарып тастаңдар, - деп өсиет айтады. Шәкірттері:

- Баба, неге олай дейсіз? – дейді.

- Себебі бозбала шағымда сол аяғымның башпайы қарындасыма тиіп кетіп еді. Қарындасына қолы не аяғы тигендердің көрдегі азабы қатты болады. Осы қателіктің өкініші өзекті өртеп кетті. Көмілмеген аяғым кейінгі ұрпаққа өнеге болсын. Қыз баланы ұрып-соқпаңдар. Құдайдың қаһарына ұшырайсыңдар, - депті жарықтық.

Қорқыттың оқиғасы қыз баланы құрметтеп, оған қол көтеруге тыйым салған дәстүрге себеп болған екен.

Алыстарға жеткен арман...



Ақындықтың арнайы оқуы жоқ, Тәңірдің өзі адамдарды өмірге ақын етіп әкеледі. Ол- тылсым табиғаттың бір құпиясы.өлеңнен сөз мәйегін теріп, айтылар алуан ойды шумақтарға сыйдыратын қасиет кез-келген пенденің пешенесіне бұйыра бермейтін бақ десек, ол артық пайымдап, асыра айытқандығымыз емес.

Біз бұрынан білетін,шығармашылық саланың азаматтары ретінде араласатын, ұдайы пікірлесетін, түйінді ой тоғыстыратын Жұпаркүл Бекшораева да жыр өлкесінде көп жылдан бері қалам тербеп келе жатқан, өзіндік қол таңбасы бар ақын, сазгер жан. Жыр жинағы мерейтойының қарсаңында оқырмандарына жол тартты. Бірінің мәтінін, екіншісінің сазын жазған талай сахналарда орындалып,талай құлақтың құрышын қандырып, ән сүйер қауымның жылы қабылдаған әуеніне айналды.

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп қазақтың ұлы ақыны Абай хакім айтқандай, азаматшылығы мен ақындығын қатар тұлғалап, екеуінің ара жігін ажыратпай, керсінше жымын білдірмей үйлестіре алған Жұпаркүл ханымның еңбекқорлығына, қай ортада болмасын бірден көзге ұрып тұратын белсенділігіне, жоқтан бар істейтін білгірлігіне, ұйымдастыру ісіндегі ілкі қимылына әркез тәнті боласың.

Менің ерекше бір қызығатыным – Жұпаркүлдің қайбір өлең шумақтарын алып қарасаңыз –ол әнге сұранып, тұрады. Лондон Олимпиадасындағы Қазақстандықтар иемденген жеті бірдей алтын медальға байланысты жыр жазуды екі ақынның бірінің пешенесіне жазбаған болар, сірә? «Тойла, қазағым, жеңісті» деген өлеңінің әні әуелете шырқалып, тұла бойыңды бір тылсым тебіреніске толтырады.

Серпілген, серілерім қырандарым,
Бір Аллам нәсіп еткен ырыс-бағын.
Лондонның көк жүзінде әнұраным,
Жеті рет қалықтады менің жаным!

Ақын осылай толғайды. Өзі ғана толғанбай, өзгелерді де толғандырады. «Қырандар қалықтаңдар көк жүзінде, Көк туым желбіресін күн көзінде» деген қосарланған қос жолдар ақын тілімен асқақ көтеріліп, ұран секілді үн қатады.

Бір қолымен әлемді, енді бір қолымен бесікті тербеткен – Аналарға ән мен жыр арнамаған ақын болмас. Жұпаркүл де, сол ұлы құдірет – Ана есімін жырының өзегі етіп:

Ананы әлем сүйіп аялаған,
Мен қалай парызымды өтей алам?
Жаныңның шуағымен аймалаған,
Жан бар ма, ана сені аңсамаған, -

деп бір әдемі шумақпен перзенттік махаббатпен жеткізгені қандай тартымды. Теңдесі жоқ ұлылық өлең жолдарына сыйып, теңдесіз тебіреніспен астарласып жатыр. Ақын қаламының құдіретін осындай жүректен шығып, жүрекке жеткен жыр ғана шынайы білдіре алса керек.

«Қарату тәжі» атанған кеншілерідң қаласы- Кентау шahарына жыр арнамаған ақын жоқ шығар.Жұпаркүл Бекшораева да өзінің бүкіл жастық шағы өткен қалаға деген шынайы сүйіспеншілікпен жыр арнапты.» Жасай бер, жаса Кентауым» деген әнімен жүрек қылын шертетін жырға өзі ән жазыпты.

Кентауым жасыл бағым,
Сырымды жасырмадым.
Мекенім – қарт Қаратау,
Жасымнан қасыңдамын!
Жанымды желпіп өткен,
Самалың керім бе екен?
Сырлы саз шежірелі,
Әнімді тарту етем.

Жұпаркүлдің жыр легі осылайша жанға жайлы әсем әнмен астасып, жатады.

Үлкен сахналардан патриоттық сарында ән болып, төгілетін осы жыр бүгінде Кентаудың гимні іспетті. Жұртшылық бас қосқан жиындарда асқақ болып әуелете орындалады.

Жұпаркүл арманшыл ақын. Ақиық жырлары сан сырды қамтып, оның өлең өлкесіндегі биігін одан әрмен асқақтата түсуде. Кемел шаққа келген ақын-ананың бергені аз емес, жыр әлеміндегі айтарының мол боларына үлкен сеніммен қарауға болады.

Серікбай САПАРҰЛЫ
жазушы-журналист



Ақ көңілден асқақ ән туады

Оңтүстікітң бір қиырындағы шағын ғана Кентау деген сымбатты қаладан Жұпаркүл деген қарындасымыздың бірнеше ондаған әндері жазылған бір бума сәлемдеме алдым. Кезекті жыр кітабына ендіруге арналған әндер топтамасына пікір сұрапты.Тақырыптары да алуан түрлі. Нота жазылған парақшаларға маман көзімен үңілген сайын әуезді әуендер мені өзіне тарта түсті.

«Асыл ана» деген тілі шұрайлы үш шумақтан тұратын ән мәтіні жүрек қылын шертетін әсем сазбен өрнектеліп, анаға деген мәңгілік перзент махаббатымен, шынайы сүйіспеншілікпен жанға жайлы, жүрекке жылы тиетін әуен иірімдері саз әлеміне біртіндеп тартып барады. «Жұпжұмыр тегіс келсін айналасы» деп ұлы Абай айтқандай шымыр әуез әуелете өрлеп, жаныңа шуақ ұялатып, анаға деген ардақ сезімді әнмен тербетеді.

Ана деп күй шертеді ұлы дала,
Сағынышпен оралам құшағыңа.
Өмір-кеме теңіздің толқынында,
Тербетейін жан ана, сені дара,-

деген адал ниеттен жазылған жыр жолдары әнге айналғанда басқаша бір мәнге ие болады екен. Қайырмасының өзі:

Асыл ана, өзің ғана,
Теңдесі жоқ, жаным ана,-

деп шырқау биіктерде ән болып қалықтауы жаныңды жадыратады.

Махаббат мәңгілік тақырып. Адамзат ғұмырында оған қалам тербемеген, саз жазбаған ақын мен сазгер жоқ шығар. Бұл дәстүрді Жұпаркүл де аттап өтпепті. «Мөлдір махабат» әні Лара есімді аруға ғашық болған Мырза есімді жігіттің мәңгілік өшпейтін сезіміне арналғанын бастапқы түсіндірмесінде бере отырып, сазгер Жұпаркүл Бекшораева

Бал уызды мөлдіреген махаббат,
Басталып ед жас құрақтай балбырап,
Мәңгі қалды жүрегімде сырғымай,
Сол махаббат өмір берді тым қымбат,-

деген саз әсем бір әуенмен әрленгеннен кейін шын мәніндегі шынайылықтан әдемі әуенді өмірге әкеліпті. Жақсы сөзден жақсы ән тудырған Жұпаркүлдің табиғи талантына тәнті боласың. Көңіл көкжиегіндегі Жұпаркүлдің

«Әнді сүйсең менше сүй» деген риясыз ниетін бірден аңғарасың.

Тірісінде ән мен жырды өміріне серік еткен ақын Тынышбай Рахымовтың сөзіне жазылған «Гүлдәурен» әні сәтті шығармаларының бірі ғана емес,байыпты теңеу.

Он сегіз- гүл дәуренім,
Ән салып Қаратауда.
Жиырма бес жыр дәуренім,
Енгендей ақ отауға ,-

деген алғашқы шумаққа Жұпаркүл ерекше бір саздан сымбатты сарай салдырғандай.

От тілді, орақ ауызды Кентаулық біртуар ақын Базарбай Оспановтың сөзіне жазылған «Шашбаулым» әні сазгер қарындасымыздың біз білмейтін екінші қырынан көрсетті. Ойнақы жеңіл орындалатын, халық әндерінің мақамымен астарласып, жататын бұл шығармасы басқалардың қолтаңбасына мүлдем ұқсамайды. Шымыр әуен тұла бойыңды шымырлатып, шолпының сыңғырындай сыңғырлайды. Әдемі саз әдемі әуезбен жымдасып, кең диапозонды дүниеге айналғанына көңілің кәдімгідей толады.

Ел таныған тұлғаларға , Елбасына, Кентау мен Отырарға арналған патриоттық әндер топтамасы Жұпаркүлдің сазгерлік қабілеті мен қарымының тоқыраудан ада құлашының кең екендігін бірден байқатады. «Жасай бер, жаса Кентауым», «Ару қала – Кентауым» «Алты алаштың қыраны», «Нұр аға, ел аға», «Қаратау», «Киелі Оңтүстігім», деген әндер елге, туған жерге, Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктен туындаған, айбынды, екпінді әндер қатарын арттыра түседі.

Ақындықты сазгерлікпен ұштастырған Жұпаркүл Бекшораева саз әлемінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан сазгерлер сапынан көрінген, шығармашылығы шынайылықпен жалғасқан, жан жүрегімен ән жазатын санаулы қазақ қыздарының қатарын толықтырған тұлғалардың бірі.

Ермек ӘБІЛДАЕВ
Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, сазгер
Алматы қаласы

ЕЛБАСЫНЫҢ ШУАҒЫ

Елбасы дана –даналық сөзі лаулаған,
Жүрекке сыймай сезімдер толқып тулаған.
Елдіктің Туын көтеріп аспан көгіне,
Елбасы дархан –Нұр аға көшті бастаған!

Ұлылық тауып данадан тәлім ұстанған,
Тәуелсіз елді ерлікпен қорғап сақтаған.
Бабалар салған сара жол сайрап көкейде,
Елбасы дара бәсеке жолды таңдаған!

Көтеріп керуен болашақ жұлдыз жарығын,
Арнаға салып елекпен сүзіп барлығын.
Сындырмай биік жастардың белес ағымын,
Айқара ашты достасқан елдің тағдырын!

Ұйқыда тыныш сәбилер күлкі сыйлаған,
Бақытты таңда ұрпағым асқақ самғаған.
Ынтымақ-бірлік, білімнің нұрын томдаған,
Елбасы сенсің –сәбиге шуақ сыйлаған

Ардақты халқым әнім бар тербеп оянған,
Теңіздей толқып, шарпыған оттай лаулаған.
Тәуелсіз елді шаттанып жырмен толғанам,
Елбасы көкте күнімдей нұрмен қолдаған!

Бабаның жырын жүрекке сақтап томдаған,
Бабаның сиын әнімен самғап жырлаған.
Даламның дархан кеңдігін жиып ойына,
Елбасы дана -әділдік жолды таңдаған!

Елбасы сенсің халықтың жоғын жоқтаған,
Отаның жалғыз жүрекке нұр боп құйылған.
Елбасы сенсің елімнің жүгін арқалап,
Қыран боп қалқып, сұңқардай биік самғаған!

Елбасы сенсің жігерлі жасқа от берген,
Елбасы сенсің теңіздей алып күш берген.
Елбасы сенсің қылыштай өткір сес берген,
Елбасы сенсің ұрпаққа ашық жол берген!

Елбасы сенсің даланы сағым түрленткен,
Астана, Отан жүрегін әсем гүлдеткен.
Елбасы сенсің «Ислам» нұрын шуақтап,
Тәуелсіз елді, әлемге дархан паш еткен!

Нұр аға, сенің сақталад бейнең тарихта,
Мақтанад елім өзіңдей дана барына!
Тарихтың «алтын» ұрпағы өшпес ғаламда,
Шырқалсын әндер, халқымның игі жолына!

Тәуелсіз елдің белесі асқақ тұр бүгін,
Нық қадам басып келеміз ай қын күнбе-күн!
Нұр аға, сенің арқаңда жарық жұлдызбын,
Елбасы дана- сақталсын мәңгі елдігім!

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Мен жастарға сенемін,
Жастарыммен біргемін.
Деді, Елбасы шаттана.
Ұрпаққа білім төгемін.

Неткен шаттық мереке,
Құс қонып тұр көңілге
Елбасымен береке,
Бақ қондырды сендерге!

Жүзі балбұл жайнаған,
Ұл-қызың тұр лаулаған!
Бүкіл әлем қараған,
Елбасы сенсің дана адам!

Қамқор болған әз адам,
Елім сүйген Нұр ағам!
Тәуелсіз ел түндігін,
Аша түстің самғаған!

Жүрегі кең нұрлы жан,
Ол ,Елбасы - ұлы адам.
Жастар үнін сеніммен
Жұлдыздарға балаған.

Жүрегі нұрдан жаралған,
Елін сүйген - Нұр ағам!
Ол –Елбасы кемеңгер,
Әлем халқы таңдаған!

«Мен жастарға сенемін»,-
деді Елбасы көкте күн!
Қанат қаққан жастарға,
Бата берген –бақыт күн!

Елім сүйген - Елбасы,
Еліммен бірге тұлғалы.
Болашақ жастар ертеңін,
Нұр аға терең толғады!

Елін сүйген –Елбасы,
Өшпесін елдің таңбасы.
Сахара байтақ даласы,
Аманат елдің дарасы.

Тәуелсіз елдің данасы,
Аманат халқымдаласы.
Әнұран,КөкТу,Елтаңбам,
Сақталсын мәңгі тұмарлы!

ҮНІМДІ ЖАЛҒА, САХАРА!

Үнімді жалға сахара,
Сарыарқа байтақ кең дала.
Жастардың білім Ордасы,
Өркенде қала,Астана!

Бағына елдің жаңардың,
Астана болып қаландың.
Жастардың білім Ордасы,
Саналып бүгін жайнадың.

Қырың мен ойың теңелді,
Білімнің нұры төгілді.
Елбасы сенің көшіңді,
Біліммен томдап өрілді.

Тарихи тұлға Елбасы,
Жолдауды таңдап жолдады.
Жылдармен өріп тарихты,
Тәуелсіз елді сомдады.

Символың болды Бәйтерек,
Көмкерген бойың керемет!
Тәуелсіз елдің тұтқасы,
«Нұр» аға -Тұңғыш Президент!

Қырандай қалқып Елбасы,
Туымды биік шалқытты.
Сара жол салып еліме,
Халқыма жақты шырақты!

Тоқсанға келген қарт бабам,
Ақ жаулық таққан әз анам,
Бесікте жатқан жас балам,
Өзіңмен бірге толғанам!.

Өзіңдей дана көреген,
Бақытқа елді бөлеген,
Теңдіктің туын шідірлеп,
Көшімді өрге сүйреген!

Таңырқап әлем бас иген,
ЭКСПО – жеңіперлеген,
Алланың сүйген данасы,
Жасай бер, аға елменен!

Білімнің алтын қазығын,
Жастарғасеніптапсырдың.
Елдіктіңбірліктұмарын,
Жадыңда мәңгі ұстадың!



Индекс – 74974

КАЗПОЧТА, ЕРНҰР-ПРЕСС, ЭВРИКАМЕДИА, ЕРКІН-ПРЕСС АРҚЫЛЫ

1 жылға жазылу бағасы:
Қала – 6337,20т
Ауыл – 6388,80т

6 айға жазылу бағасы:
Қала – 3168т
Ауыл – 3194т